



АҚОРДА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА МӘН БЕРІЛЕДІ



Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Так мұрагері, Сауд Арабиясының Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудтың екі

елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті.

– Так мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген

әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

Файсал Әл-Кахтани өз елінің Қазақстан Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейіл екенін айтты. Ол жақында кол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашатынына назар аударды.

Бұдан бөлек, дипломат Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әрекеттеріне алдағы уақытта да жәрдемдесуге әзірлігін, сондай-ақ Сауд Арабиясына және Шығынақтағы барлық елге тілектестігін білдірді.

Кездесу соңында Президент Қос кие-нің сакшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа және Так мұрагері, Премьер-министр Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа ыстық ықыласы мен сәлемін жолдап, бауырлас Сауд Арабиясы халқына бақ-береке тіледі.

Қазақстанда ғылымға бөлінетін қаржы кейінгі жылдары айтарлықтай өсіп келеді. Бірақ кез келген қаржыландырудың басты өлшемі – нәтиже. Осыған дейін Президенттің өзі бұл мәселеге ашық тоқталып, ғылымға бөлінетін қаражаттың қайтарымы төмен екенін айтты. Үш мыңнан астам ғылыми жобаның тек 29-ы ғана нарыққа шыққаны – ойланатын жағдай. Мұндай сын ғылым саласына серпін беретін маңызды сигнал ретінде қабылдануға тиіс.

ҒЫЛЫМҒА ҚАРЖЫ – ҚАРЫШТАУ КІЛТІ

Бұл – кездейсоқ үрдіс емес, мемлекет деңгейінде ғылымға деген көзқарастың өзгеріп жатқанын көрсетеді. Бүгінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) жыл сайын жүздеген миллиард теңге бағытталып отыр. Ресми дерекке сүйенсек, соңғы көрсеткіш бойынша ғылымға бөлінген қаржы көлемі 300 млрд теңгеден асып кеткен. Оның ішінде ішкі шығындар – 261,5 млрд теңге, ал сыртқы шығындар – 42,7 млрд теңге.

(Жалғасы 6-бетте)



ҚАЛҚАН ДӘРІГЕРГЕ ҚАЛҚАН БОЛА АЛА МА?

Тура екі аптадан соң барлық медициналық ұйым – емхана, аурухана, клиника атаулы жаңа платформаға көшіріледі. Оның тізгіні – Қаржы министрлігінде. Денсаулық сақтау министрлігі іс жүзінде саланы басқарудан шеттетілуі мүмкін. Бұл мәлімет ақ халатты қауымда «ертеңіміз не болады?» деген үрей туғызды. Әлеуметтік желіде түрлі алып-қашпа әңгіме тарады. Оны басуға тиіс ӘМСҚ сайтында жаңа жүйе туралы мардымды мәлімет, жеке тарау түгілі, Qalqan порталына сілтеме де жоқ. Интернеттегі іздеу сервисі киберқауіпсіздіктің осы аттас қоғамдық ұйымдарына нұсқап әлек. Сонда жүйенің өзі дайын емес пе?



НАУҚАСТЫ «ЗИЯТКЕРЛІК» ЗАРЛАТПАСА ЖӨН

Бұл технологиялық көштің алды – дүрбелең, арты сауал болып тұр. Бұған қоса, денсаулық сақтау саласында жаңа, терең реформа қатар жүргізіліп жатыр. Үкімет Қазақстанда бұдан былай медициналық сактандырудың жаңа моделі – «МӘМС 2.0» іске қосылатынын жариялады. Денсаулық сақтау жүйесі «операциялық қаржыландырудан» ЖИ-ге негізделген «стратегиялық зияткерлік басқаруға» ауысады. Осы мақсатта әзірленген «МӘМС 2.0» жаңа моделі жақында Премьер-министр Олжас Бектеновке таныстырылды. Үкімет басшысы оны қолдап, барлық өңірде шұғыл енгізуге пәрмен берді.

Сарапшылар осының бәрімен Денсаулық сақтау министрлігі айналысып келгенін еске салады. Жаңа жағдайда оның қандай функционалды құста қалары беймәлім. Мұның сыртында эксперттер ӘМСҚ-ның 1,5 айдан бері ДСМ-ге бағынбайтынын, оның құрамынан шығып, Қаржы министрлігінің қарауына берілгенін ескертті. Олай болса, бюджет тапшылығы аясында денсаулық сақтау саласын қаржыгерлер өз бақылауына алып жатқанға ұқсайды. Қаржы министрлігі халықтың саулығын емес, ақшаның амандығын басты орынға қоймаса болғаны.

Қор саладағы жаңа реформаның төрт тағанына айналар 4 негізгі бағытты белгіледі. Біріншісі – актуарлық басқару (тәуекелдерді қаржыгерлік бағалау). Ол демографияны, халықтың ауруының құрылымын, медициналық технологиялардың дамуын ескеріп, қаржылық міндеттемелерді ұзақмерзімді болжамдау тәсілін қарастырады. Бұл теңгерімсіздіктерді ерте анықтауға, қаржыландыру параметрлерін түзетуге және денсаулық сақтау жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

(Жалғасы 4-бетте)

ДОНОРЛЫҚТЫҢ БЕЙМӘЛІМ ДАҢҒЫЛЫ



Қазақстан – әлемде донор болуға келісімді де, қарсылықты да тіркеп қойған жалғыз ел. Бұл трансплантация саласындағы қызметтерді реттеудің бірден-бір артықшылыққа ие тетігі болғанымен, ереженің шикі тұсы барын да жоққа шығармаймыз. Мәселен, бұл форманы толтырған 130 мың адам донор болудан бас тартса, 7 мың адам ғана келісім берген, алайда қолданыстағы ережеге сәйкес, келісім берген 7 мың адам көз жұмса, мәйіттік донор ретінде қарастыру үшін жақын туыстарының келісімі міндетті түрде қажет болады.

→ 4

ВЕТЕРИНАРИЯ: АУЫР ЕҢБЕКТІҢ ЕЛЕНБЕГЕН ТҰСЫ

Ең өзектісі, ол – ветеринария саласындағы кадр мәселесі. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, ветеринариялық мамандардың штаттық саны – 11 011 бірлік. Оның ішінде бос жұмыс орындары бар. Нақты айтқанда, 515 мал дәрігері қажет болып тұр.



→ 5

ҚАЙТА ТІРІЛГЕН АҢЫЗ

Шығармашылық топ Қажымұқанды «алып күш иесі» ретінде көрсетуден гөрі, палуанның ішкі трагедиясы мен адамдық болмысын ашуға тырысады. Қойылымның алғашқы минуттарында бала Қажымұқанның палуан болары айқын көрініс тапқан.



→ 8

2 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ – ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ МЕН ИНКЛЮЗИЯ ТЕТІГІ

Сенат жанындағы инклюзия жөніндегі кеңестің отырысы

Астана, 2026 жылғы 31 наурыз



ИНКЛЮЗИЯНЫ ҚОЛДАУ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСТЫ ҚАҒИДАТТАРДЫҢ БІРІ

Астанада Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда депутаттар салалық ұйымдардың сарапшыларымен бірлесіп, мүгедектігі бар балалар мен ересектерді оңалту жолында инклюзивті спортты дамытудың маңызын талқылады. Отырысқа қатысушылар аталған бағыттағы өзекті мәселелерге тоқталып, өңірлерде инклюзивті спорт инфрақұрылымының жеткіліксіздігіне, бейімді спорт саласында білікті кадрлардың тапшылығына және қажетті бірыңғай тәсілдер мен жұмыс әдістемелерінің жоқтығына ерекше назар аударды.

Отырыс «Дене шынықтыру мен спорт – әлеуметтік оңалту және инклюзия тетігі» тақырыбына арналды. Іс-шараны ашқан Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев жана Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде айқындалғанын атап өтті. Сондай-ақ ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев инклюзивті қоғам қалыптастыруға және әрбір азаматқа өз әлеуетін толық іске асыруына қажетті жағдай жасауға ерекше мән беріп отырғанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар Палата Спикері Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған Инклюзивті спорт орталығының бірегей маңызына тоқталып, аталған нысанда азаматтарға жан-жақты қолдау және жаттығу мен оңалтудан бастап, емдеу мен оқытуға дейінгі ауқымды қызмет көрсетілетінін айтты.

«Инклюзивті қоғамды дамыту мәселелері – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жүргізіп отырған саясаттың басым бағыттарының бірі. Білім беру, спорт және әлеуметтік салада инклюзияны қолдау қағидаты – әрбір

азаматқа өз әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстан құру стратегиясының ажырамас бөлігі. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі жандар арасында инклюзивті спорт пен дене шынықтыру идеологиясын белсенді дәріптеу Мемлекет басшысы жүктеген маңызды міндеттердің бірі екенін атап өткен жөн. Сондықтан бәріміз бірлесіп қолға алынған жұмысты жүйелі түрде жалғастыру және нақты нәтижелерге қол жеткізу айрықша мәнге ие», – деп Мәулен Әшімбаев өткен Паралимпиада ойындарында жеңіске жеткен отандық параатлеттердің жетістіктеріне жоғары баға берді.

Отырыс барысында елімізде инклюзивті спортты дамыту бағытында оң динамика қалыптасқаны да назардан тыс қалған жоқ. Сарапшылар келтірген деректерге сәйкес, бүгінде Қазақстанда осы салаға бейімделген 16 клуб пен 2 мамандандырылған спорт мектебі жұмыс істейді. Онда қазір 8 мыңға жуық ерекше қажеттілігі бар спортшы тұрақты түрде жаттығады. Сонымен бірге Сенат Төрағасы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау кезінде

саладағы бірқатар жүйелі проблемаларға да назар аударды.

Кездесуге қатысушылар қордаланған мәселелерді шешу медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салалары өкілдерімен бірге барлық мүдделі тараптың бірлескен әрі үйлесімді жұмысын талап ететінін айтты. Осы ретте Палата Спикері қазір депутаттар мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауды арттыруға арналған бірқатар заңнамалық түзету әзірлеп жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев инклюзия тек заңнамалық тетіктер арқылы ғана емес, сонымен бірге мәдениет және отбасы мен мектептегі дәріптеу жұмыстары арқылы да қалыптасатынына тоқталды. Бұл бағытта әлі де ауқымды жұмыс атқарылуға тиіс екенін айтқан Сенат Төрағасы, осы іске Қазақстан бочча федерациясы ұйытқы болған және Kinopark компаниясымен бірлесіп түсірілген «Ерекше» фильмі тың серпін бергенін жеткізді. Аталған фильм 19 наурыздан бастап прокатқа шыққанын атап өткен жөн.

Отырыста депутаттармен қатар Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің Төрағасы Ләззат Қалтаева, Оқу-ағарту министрінің бірінші орынбасары Майра Мелдешбекова, Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, Ski Park Pioneer ЖШС директоры Жанат Қаратай, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері, Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшелері және басқа да қатысушылар сөз сөйледі. Кеңесте айтылған барлық ұсыныс пен бастама мұқият зерделеніп, жұмыста ескеру үшін тиісті мемлекеттік органдарға жолданады.

ИННОВАЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АРТАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа Конституцияда еліміздің даму болашағын айқындайтын аса маңызды стратегиялық бағдар ретінде бекітілген инновацияларды дамыту мәселесі қаралды.



«Ғылым мен инновацияны дамыту жаңа Конституцияда мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп танылды. Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында инновациялар еліміздің теңдессіз басымдықтары ретінде айқындалғанын атап өтті. Экономика салаларындағы жетістіктер мен табыстардың дені инновациялық дамудың ауқымы мен қарқынына тікелей байланысты. Инновациялар еңбек өнімділігін арттыруға және жоғары технологиялық жұмыс орындарын құруға негіз болады», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Президент тапсырмасымен кейінгі алты жылда республикалық бюджеттен ғылымға бөлінетін қаржы алты есе өсті. Мемлекет ғылым мен инновацияны дамыту үшін қолайлы жағдай жасап жатыр.

Жұрда қабылданған Ғылымды шоғырландыру аумақтарын құру тұжырымдамасы технологиялар мен инновациялардың дамуына тың серпін береді. Олардың қатарында Курчатовтағы ғылыми калашықты, сондай-ақ Алматыдағы Ядролық физика институты мен Астанадағы «Назарбаев университеті» базасындағы екі технологиялық парк бар.

Барлық әкімдікке әр облыстың нақты салалық ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлік инновациялық жүйелердің қалыптасуы мен орнықты дамуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Мемлекет басшысы жақында өткен ғылыми қоғамдастықпен кездесуінде ғылымды қаржыландыру мен жана технологиялар енгізуден нақты нәтиже күтетінін баса айтты. Ғылым министрілігі Ғылым академиясымен, ғалымдармен және бизнес-қауымдастықпен бірлесіп, бір ай ішінде ғылыми-инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын дайындауы қажет. Бұл құжатта нәтижеге негізделген көрсеткіштер, цифрландыру бойынша шаралар және барлық қатысушының жауапкершілігі айқындалуға тиіс», – деп атап өтті Премьер-министр.

Өңір әкімдіктеріне ғылым мен инновацияларды қаржыландыруды кезең-кезеңмен ұлғайтып, оны 2029 жылға қарай жалпы өңірлік өнімнің кемінде 1%-ына жеткізу тапсырылды. Бұдан бөлек, 2035 жылға қарай инновациялық өнімдердің үлесін жалпы ішкі өнімнің 3%-ына дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету қажет. Ол үшін инновация саласында бірқатар жүйелі мәселені шешу керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты заң жобаларды бірінші оқылымда мақұлдап, Халықаралық валюта қорымен арадағы Меморандумды ратификациялады.

Арнаулы мемлекеттік органдар қызметіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар жобасына және оған ілесіп түзетулерге Парламент депутаттары бастамашы болды. Құжатты Мәжіліс депутаты Болат Керімбек таныстырды. Оның айтуынша, заң жобасы мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты құрылымдар қызметінің тиімділігін арттыруға және құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтарды жоюға бағытталған.

– Қазір азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін интернеттегі қылмысқа қарсы күрес ерекше маңызға ие. Әр адамның жеке деректерін, қаржысын және цифрлық өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – өзекті мәселе. Сондықтан заң жобасында IT саласындағы талантты жастарды, қабілетті мамандарды арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тарту тетігі ұсынылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, IT-мамандарды тартуда икемді тәсілдерді қолдану мемлекеттік институттарын инновацияларды тезірек енгізуіне, цифрлық дамудың тиімділігін арттыруына мүмкіндік береді, – деді депутат.

Сонымен қатар заң жобасы арқылы ұлттық қауіпсіздік органдарының дағдарыс жағдайы туындағанда, төтенше және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай енгізілген кезде әрекет ету құзыреті нақтыланады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғау күшейтіледі. Болат Керімбектің айтуынша, осы мақсатпен заңда «мемлекеттік құпияларды қорғау деңгейінің төмендеуін» ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіптердің бірі ретінде бекіту ұсынылып отыр.

Сонымен бірге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі ілесіп түзетулер арқылы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде мемлекеттік құпияларды қорғау саласында белгіленген талаптарды қайталап бұзғаны үшін жауаптылықты күшейту көзделген.

Бұдан бөлек, экстремистік және террористік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, дайындауға және таратуға, бұған қоса оларды сақтауға да тыйым енгізіледі.

Депутат «Арнаулы мемлекеттік органдар туралы» заңға өзгерістер енгізіліп жатқанын хабарлады. Аталған түзетулер әскери және арнаулы оқу орындарына түсу емітихандарында талапкерлердің жинаған балдары тең болған жағдайда жетім балаларға, «Алтын белгі» иегерлеріне, халықаралық олимпиада жеңімпаздарына және өзге де санаттарға басымдық беру тәртібін айқындауға бағытталған.

Талқылау барысында депутаттар мемлекеттік құпияларды қорғауды ұлттық қауіпсіздік деңгейіне жатқызудың қажеттілігі, жауапкершілік шараларын қайта қарау мүмкіндігі, сондай-ақ экстремистік материалдарды сақтауға тыйым салудың негізділігі туралы сұрақтар қойды. Сонымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терроризм мен экстремизмге қарсы іс-әрекетінің өкілеттерін кеңейту мәселесіне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ депутаттар террористік және экстремистік материалдарды сақтауға тыйым салу нормасын енгізудің негізділігіне және бұл өзгерістің оны бұзғаны үшін қолданылатын санкцияларға әсеріне қызығушылық танытты. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терроризм мен экстремизмге қарсы іс-әрекет тұрғысынан өкілеттіктерін кеңейтуге, соның ішінде осы функцияларды

іс жүзінде жүзеге асыру тетіктеріне тоқталды.

Талқылау нәтижесінде депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжаттарды жетілдіру жұмыстары депутат Олжас Құспеков жетекшілік ететін жұмыс тобы аясында жалғасатын болады.

Жалпы отырыс барысында депутаттар Қазақстан мен Халықаралық валюта қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия елдеріне арналған әлеуетті дамыту жөніндегі өңірлік орталыққа қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялады. Құжатқа 2024 жылғы 23 қазанда Вашингтон қаласында қол қойылған. Оны депутаттарға Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов таныстырды.

Аталған өңірлік орталық іс жүзінде Алматы қаласында 2021 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Ол Қазақстан, Армения, Әзербайжан, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерінің мемлекеттік қызметшілеріне макроэкономика, ақша-несие және бюджеттік саясат, қаржылық реттеу мен қадағалау, сондай-ақ макроэкономикалық статистика салаларында өзара білім мен тәжірибе алмасу мүмкіндігін ұсынады.

Қосымша баяндамада Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Әділ Жұбанов атап өткендей, бұл Меморандумда Орталық пен оның қызметкерлеріне қатысты иммунитеттер мен артықшылықтар қарастырылған. Олардың қатарында көші-қон және валюталық режимдер бойынша жеңілдіктер, салық салудағы жеңілдіктер, сондай-ақ ғимараттардың қол сұғыл-маушылығына иеліктері бар. Халықаралық ұйымдарға қатысты қалыптасқан тәжірибе саналатын бұл жеңілдіктер олардың өз функцияларын тәуелсіз әрі бейтарап орындауын қамтамасыз етеді.

Бұл бастама Қазақстанның халықаралық беделін нығайтып, Алматы қаласын өңірлік білім мен ынтымақтастық орталығына айналдыруға ықпал етеді. Сонымен қатар мамандардың біліктілігін арттыруға және мемлекеттік институттардың тиімділігін күшейтуге жол ашады.

Бұдан бөлек, салалық комитеттер жана заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске өзгерістер енгізу және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы жобалар бар.

Бұдан бөлек, Мәжілістің салалық комитеттері «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы жана заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 16 депутаттық сауал жолдады. Сонымен қатар Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты алдағы әкімшілік амнистия туралы және қоғамға қауіп төндіретін теріс діни ағымдар жөнінде екі үндеу жарияланды. Барлық материал Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында қолжетімді.

100-ге ЖУЫҚ ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЕҢБЕКАҚЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Алматы облысына қарасты Алатау қаласында WINDOOR SOLUTIONS ЖШС-ның 100-ге жуық қызметкері үш ай бойы жалақыларын ала алмай жүргендерін айтып, «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына жүгінді.

Жұмысшылардың сөзінше, олар осы уақыт ішінде жұмысты тоқтатпаған, белгіленген кестеге сай еңбек ете берген. Алайда компания басшылығымен бірнеше мәрте келіссөз жүргізуге тырысқанымен, одан нәтиже шықпаған.

«Біз үш айдан бері еңбекақымызды ала алмай келеміз. Басшылық үнемі «бүгін береміз», «ертен аударамыз» деп уақыт созумен болды. Бірақ нақты төлем жасалмады. Соған қарамастан біз жұмысты тоқтатпай, күн сайын өз міндетімізді атқарып жүрдік. Қазір әр жұмысшыға кемінде 900 мың теңгеден 1 миллион 200 мың теңгеге дейін қарыз жиналып қалды. Тіпті, жалақысын ала алмай, жұмыстан шығып кеткен азаматтар да бар. Басшылықпен бірнеше рет сөйлесуге тырыстық, бірақ нақты нәтиже болмады. Амалсыздан партиядан көмек сұрауға мәжбүр болдық», — деді Аслан Тойғанбаев.

Мәліметке сәйкес, қазір компанияның қызметкерлер алдындағы жалақы берешегі 120 миллион теңгеге жеткен. Мәселе көтерілгеннен кейін «AMANAT» партиясы оған дереу араласып, жауапты органдармен



және Алатау қаласы әкімдігімен нақты жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде 100-ге жуық жұмысшының әрқайсысына 120 мың теңгеден төленді. Ал компания қалған берешекті алдағы бес күн ішінде толық өтеуге міндеттеме алып отыр.

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Серік Нұрқалыровтың айтуынша, бұл мәселе толық шешілгенге дейін партияның бақылауында болады.

«Бұл жерде 100-ге жуық адамның ғана емес, ондаған отбасының тағдыры тұр. Үш ай бойы жалақы алмау — өте күрделі мәселе. Сондықтан партия бұл жағдайға бірден

араласып, жауапты органдармен және әкімдікпен нақты жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде жұмысшыларға 120 мың теңгеден төленді. Енді компания алдағы бес күн ішінде жалақы берешегін толық өтеуге міндеттеме алып отыр. Біз бұл мәселені соңына дейін жеткізіп, әр жұмысшының заңды ақысын толық алуына қол жеткіземіз», — деді ол.

Партия өкілдерінің мәліметінше, ендігі негізгі міндет — жұмысшылар алдындағы жалақы берешегін толық көлемде өтеу. Осыған байланысты мәселе құзырлы органдармен бірлесіп сүйемденіп, толық шешілгенге дейін бақылауда болады.

ТЕҢ МҮМКІНДІК: ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУҒА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Тимур Виситаевтың демеушілігімен Веселовка орта мектебінде инклюзия кабинеті ашылды.

Инклюзивті кабинеттің ашылуы — барлық балаларға тең мүмкіндік беруге бағытталған маңызды қадам. Енді ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар білікті мамандардың көмегін алып, өз қабілеттерін дамытып, заманауи білім беру ортасында жайлы білім алуға мүмкіндік алады.

Жаңа кабинет қажетті оқу құралдарымен және арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Тимур Виситаев білім саласын қолдау мен инклюзивті білім беруді дамыту қоғам үшін аса маңызды екенін атап өтті.

«Әрбір бала сапалы білім алып, өз қабілетін толық ашуға мүмкіндік алуы керек. Инклюзивті білім беру — қоғам дамуының маңызды көрсеткішінің бірі. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін



балалар үшін қолайлы жағдай жасау — баршамыздың ортақ міндетіміз. «Кедергісіз келешек» жобасы дәл осы мақсатқа бағытталған. Мұндай бастамалар балалардың болашағына жасалған маңызды инвестиция деп есептеймін», — деді депутат.

Айта кету керек, білім беру саласын қолдау, балаларға қамқорлық көрсету және қолжетімді орта қалыптастыру — қоғам дамуының маңызды бағытының бірі. Осындай бастамалардың жүзеге асуы инклюзивті қоғам қалыптастыруға және ауылдық жерлердегі білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРДАСЫ

Шымкент қаласында «AMANAT» партиясы Еңбекші аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы» тақырыбында жастармен мазмұнды кездесу өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты — жас ұрпаққа отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру, сондай-ақ ұлттық тәрбие негіздерін кеңінен насихаттау болды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жиын — қоғамның іргетасы саналатын отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды қадамның бірі.

Кездесуге қалалық және аудандық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары Гүлмира Мырзалиева мен Ғалымжан Нұскабай қатысып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Олар отбасының қоғамдағы орны, берекелі шаңырақ қалыптастырудың маңызы, бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі туралы әсерлі әңгімелер айтып, жастарға құнды кеңестерін жеткізді. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды сақтау



мен ұрпақ тәрбиесінде дәстүр сабақтастығын жалғастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Жиын барысында оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Қатысушылар отбасыдағы өзара түсіністік, сенім, жауапкершілік сияқты құндылықтардың маңызы жөнінде ой бөлісіп, өмір-

лік тәжірибеден мысалдар келтірді. Мұндай тағлымды кездесулер жасөспірімдердің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, отбасыға деген құрметті арттыруға, сондай-ақ саналы әрі жауапты ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ететіні анық. Ұйымдастырушылар бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.



КЕДЕРГІСІЗ ОРТА – ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

«AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік кеңестің отырысы өтті. Кеңес төрайымы Марина Стрелковскаяның жетекшілігімен өткен жиында партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі облыстық Жол картасының әлеуметтік маңызы жоғары бағыттарының орындалуы талқыланды.

Атап айтқанда, жаңа оналту орталықтарын ашу, мүгедектігі бар азаматтарға арналған заманауи Оналту орталығын салу, сондай-ақ әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарын бейімдеу мәселелері қаралды.

Облыстық Құрылыс басқармасының басшысы Асқар Ажмұраттың мәліметінше, оналту орталықтарының желісін кеңейту мақсатында 2021 жылы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 150 орынға арналған оналту орталығының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын алған.

Қазіргі уақытта Павлодар қаласының түзетіліп жатқан бас жоспарында нысан құрылысына арналған жер телімі қарастырылған. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы рәсімделгеннен кейін Құрылыс басқармасы жобалық-сметалық құжаттаманы қайта мемлекеттік сараптамаға жолдайды.

Жиында қолжетімді орта қалыптастыру мәселесі де жан-жақты сөз болды. Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілінің айтуынша, бүгінде өңірде 30 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат

тұрады. Оның ішінде 1 302 адам кресло-арбамен қозғалады, 8 208 адамның тірек-қимыл аппараты зақымданған, 4 410 адамның көру, 1 162 адамның есту қабілетінде қиындық бар.

Кедергісіз орта қалыптастыру, ең алдымен, 3,2 мың азамат үшін аса өзекті. Осыған байланысты биыл Жол картасы аясында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының 168 нысанын бейімдеу жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін олардың 8-інде жұмыстар толық аяқталып, орындалу деңгейі 4,8 пайызды құрады.

Кеңес отырысында қазіргі төмен көрсеткіштің басты себебі жұмыстардың маусымдық сипатына байланысты екені айтылды. Күн райы тұрақталғаннан кейін нысандарды бейімдеу жұмыстарының қарқыны едәуір күшейтіледі.

Отырыс қорытындысында жауапты мемлекеттік органдарға оналту орталығының құрылысын жеделдету, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімді орта қалыптастыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру жөнінде нақты тапсырмалар мен ұсыныстар берілді.

Партияның өңірлік кеңесі бұл бағыттағы жұмыстың орындалуын тұрақты бақылауда ұстайды.

Жуырда «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы отырысында мәдени нысандарға мониторинг жүргізу туралы ұсыныс айтылған еді. Осыған байланысты Партиялық бақылау комиссиясы мен филиал жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Мірас кеңесі мониторинг өткізді.

МӘДЕНИ НЫСАНДАР ЖАҒЫРТЫЛАДЫ



Мониторинг жасалған бірінші нысан Әбіш Кекілбаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайы болды. Нысанның алдындағы алаңға төселген кафеждердің сынық екендігі анықталып, Ақтау қалалық әкімдігіне қалпына келтіру туралы ұсыныс жолданды. Екінші нысан Мұрат Өскінбаев атындағы облыстық филармонияның ішкі қабырғаларының сылағы түсіп, көктеп кеткен. Комиссия мен кеңес мүшелері жаңбырлы күн болғандықтан төбеден аққан су тамшыларының астына қойған шелектерді көрді. Ғимарат іші толық ылғалданып кеткен.

Маңғыстау облысының Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының және филармония өкілдері жөндеу жұмыстарын жүргізуге тендер алған мердігер мекеменің жақында келіп нысанның жағдайымен танысып кеткендігін, жөндеу жұмыстары басталатындығын айтты.

Партиялық бақылау комиссиясы төрағасының орынбасары, Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Ислам Үсенов жөндеудің аяқталуын күтпей, нақты жұмыс барысы бақылауда болатындығын және арнайы мамандардың қатысатынын жеткізді.

ӘЛЕУМЕТ

2 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Екіншісі – тәуекелге бағдарланған модель. Оның аясында еліміздің барлық медициналық ұйымы 3 санатқа бөліп тасталады: «senim» (сенуге болатыны), «baquiau» (бақылауды қажет етеді), «qauur» (бюджет қаражатын талан-тараж ету қаупі бар ұйымдар). Адал қызмет көрсетушілер жеңілдетілген режимде жұмыс істей алады, ал бұған дейін заңбұзушылықтарға жол беріп, тұтылған ұйымдар күшейтілген бақылауға алынады, аудиттік тексерістер де соларға бағытталады.

Үшіншісі, цифрлық антифрод-қадағалау: алаяқтыққа тексеріс енгізілімек. Бұл сырқаттарды жалған тіркеуді, қызметтердің қайталануын, негізсіз госпитализациялауды, қызмет көлемдерін жасанды өсіруді, тағы басқа жайттарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық жүйе көрінеді. Қор осы арқылы денсаулық сақтау жүйесінің тиімсіз шығындарын орта есеппен 5-10%-ға төмендетуге уәде етті.

Төртіншіден, бірыңғай цифрлық архитектура жоспарлаудан бастап медкөмекке ақы төлеуге дейінгі қаржыландырудың барлық процесін бір тұғырмада біріктіреді. Ақша ағындары да жаңа жүйе арқылы толық қадағаланады. Мұндағы негізгі элемент – цифрлық тенгені (ЦТ) пайдалану. ЦТ блокчейн тізбегінде орналасатындықтан, оның кімнен кімге берілгені алақанға салғандай көрінеді. Ұлттық банктің жүйесінде «ізі» қалып, індетуге жол ашады. Қор бірыңғай дистрибутор «СК-Фармациямен» бірлесіп ЦТ-ны дәрілік заттарды сатып алу саласында қолдану бойынша жұмысты бастады.

КОЛЖЕТІМДІЛІК – ЕМГЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Сондай-ақ Премьер-министр МӘМС-тің жаңа архитектурасының технологиялық негізі және «цифрлық қалқаны» болып саналатын Qalqan жаңа цифрлық платформасының «түсуын кесіп», оның функционалдық мүмкіндіктерімен таныстыры. Ақпараттық-есепке алу орталығының басшысы Жанасыл Оспановтың айтуынша, платформа қаржыландыру процесінің толық цифрландырады. Қолданыстағы «Дамумед» сияқты медициналық ақпараттық жүйелермен (МАЗ) интеграцияланады.

— Мәселен, Qalqan жүйесінде әрбір пациентке көрсетілген қызметтер, оның ауруханаға қашан және неше рет жатқызылғаны, талдау-анализдерінің бағытталары мен қорытындылары, дәрі-дәрмек тағайындаулар, оны емдеуге кеткен медициналық шығыстардың МӘМС пен ТМҚК пакеттері бойынша қалай бөлінгені туралы ақпарат жинақталады. Қазіргі уақытта бұл деректердің барлығы быты-



QALQAN ДӘРІГЕРГЕ ҚАЛҚАН БОЛА АЛА МА?

ранқы, әртүрлі жүйеде жатыр. Соның салдарынан пациенттер көп ретте өзіне қатысты ахуалды толық көре алмайды. Qalqan пациенттің бірыңғай деректер тізбегін қамтамасыз етеді, — деді Ж.Оспанов.

Осы жаңа жүйеде азаматтардың тікелей шағым жолдап, сәйкессіздіктер, оқалықтар туралы хабарлауға мүмкіндік алатыны айтылды. Бұл «халықтық бақылау» механизмін құруға мүмкіндік беретін көрінеді. Бірақ өзирге халық арыздардан бөлек, Qalqan-ның қайда екенін білмейді. Осы белгісіздікті аялақтар пайдаланып, фишингтік сайттар мен қосымшаларға нұсқап, елді тақырға отырғызып кетпеуі үшін МӘМС тарапынан қауіпсіздік жұмыстары қажет-ақ.

Qalqan-ның ақ халаттыларға қатысы қандай? Қордың мәліметінше, платформа әрбір медұйымның бюджеті, ресурстары, инфрақұрылымы, кадр тапшылығы, қаржыны ұтымды не орынсыз жұмсауы және басқа мәліметтерді талдайды. МӘМС осы деректер негізінде тәуекелдерді кешенді түрде бағалап, оларды жою бойынша ұсынымдарды автоматты түрде әзірлеуге белсенді отыр. Ол кезең-кезеңімен елдегі барлық медициналық ұйымның рейтингін түзіп шықпақ. Бұдан бөлек, Qalqan қолданыстағы шектеулер мен басымдықтарды басшылыққа алып, бюджетті үйелестіре басқаруды қамтамасыз ететіні алға тартылды.

Технология адамның адалдығын алмастыра алмайды, бірақ қиянатна тоспа құруға қауқарлы. МӘМС есептемелеріне сәйкес, енгізілетін инновациялардың әлеуетті экономикалық әсері 200 млрд теңгеден асуы мүмкін. Реформа медициналық қызметтерді қаржыландыру мен оның сапасының айқындауына және толық қадағалануына, медицина қызметкерлеріне түсетін жүктеменің төмендеуіне ықпал етуге тиіс.

Осыған құп деген Үкімет басшысы Олжас Бектенов ұсынылған тәсілдерді мақұлдап, мемлекеттік органдар мен ведомстволарға бірқатар тапсырма берді. Премьер-министр үш мегаполистер мен барлық өңірдің әкімдеріне, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігіне 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін МӘМС және ТМҚК шеңберінде қызмет көрсететін медициналық ұйымдарды Qalqan жүйесіне көшіруді жүктелді.

Өз кезегінде Қаржы министрлігі осы аттада мемлекеттің жыл сайынғы жарнасының мөлшерін республикалық бюджет қаражатынан алынған инвестициялық кіріс қосымшасын аспайтын сомаға қысқартады. Қазір студенттер, балалар, жүкті және босанған аналар, зейнеткерлер, мүгедектер сияқты 15 санатты медсактандыру үшін мемлекет жарна төлейді. Жарнаның қалай қысқартылатыны өзирге елге жарияланбады.

АШЫҚТЫҚ ПА, АЛДАМШЫЛЫҚ ПА?

Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры МӘМС және ТМҚК шеңберінде қызмет көрсететін медұйымдар қызметін бақылауды күшейтті. Бұл жұмыс Жоғарғы аудиторлық палатаның тапсырмасымен жүргізіліп жатыр. МӘМС медициналық қызметтердің сапасына жоспардан тыс мониторинг жүргізді. Мемлекет пен қор есебінен қаржыландырылатын қалалық емханалардың, мемлекеттік ауруханалардың, жеке клиникалардың өндірістік базаларын тексерді.

1,4 мың тексерілген медұйымның 238-інде түрлі бұзушылық анықталды. Жиі қайталанатын жөнсіздіктер қатарында рұқсат беру құжаттарының болмауы, бір өндірістік базада бірнеше клиниканың сығыласы орналасуы, медицина қызметкерлерінің жарамды сертификаттарының жоқтығы аталды. 61 денсаулық сақтау субъектісіне айыппұл салынды. 10 медұйыммен арадағы келісімшарт бұзылды. Олар медсактандыру бойынша да, тегін медкөмек аясында да қызмет көрсете алмайды.

Сондай-ақ анықталған заңбұзушылықтар бойынша Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне 116 хабарлама жіберілді. Бұдан

бөлек, МӘМС-осындай тексерулерді жүргізу және деректерді тиісті органдарға беру бойынша бірыңғай алгоритмді әзірледі.

Жоғарғы аудиторлық палата Солтүстік Қазақстан облысының мұсылға келтірді: мемлекеттік аудит көрсеткендей, жалпы сомасы 76,6 млн теңгенің вакциналары мен иммунобиологиялық дәрілік препараттары тиімсіз пайдаланылған: соңғы жылда ашылған құтылардың жалпы көлемінің 28%-ы жерге төгілген, жойылған. Жаға ұстатар жайт бар: бір пациенттерге қайта-қайта екпе салына берген! «Туляремияға қарсы жыл сайынғы ревакцинация жүргізу кезінде санитариялық талаптардың елеулі бұзылуы өшкереленді.

МӘМС басшысы Гүлмира Сабденбек Qalqan — жаңа жүйе еместігін, ол Қаржы министрлігінде бұрыннан қолданылып жатқанын, қор тек соған ауысатынын жеткізді. Оның сендіруінше, Qalqan медициналық жүйе емес және Арқимед сияқты сервистерді алмастырмайды. Оның мақсаты — қаржы ағынының ашықтығын қамтамасыз ету, көрсетілген қызметтерді верификациялау және МӘМС қаражатының пайдаланылуын бақылау.

— Qalqan бұрыннан бар шешімдердің үстіне қосымша, жеке жүйе ретінде құрылып жатқан жоқ. Әңгіме қорды қолданыстағы неғұрлым заманауи технологиялық платформаға көшіру туралы. Бұл платформаны неге таңдадық? Оның дайын технологиялық шешімдері бар. Бізге Қаржы министрлігімен кенірек интеграциялану мүмкіндіктерін ұсынады. Және жаңа инфрақұрылым құрмай-ақ қажетті функционалдық мүмкіндіктерді әлдеқайда жылдам жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Маңыздысы, платформаны құру денсаулық сақтау жүйесі үшін қосымша шығынсыз жүзеге асырылады, — деді Гүлмира Сабденбек.

Оның айтуынша, Qalqan мақсаты — сырқатты емдеу емес, ақшаны қадағалау. Иә, бюджеттің әр тиыны есепте болуға тиіс. Бірақ теңірдей тәртіп пен ЖИ бақылау медицинаның басты миссиясы — адам өмірін сақтаумен қалай үндеседі? Ақша жоғалмайды, ал наука ше? Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2025 жылы денсаулық сақтаудың бюджеті 3 триллион теңгеге жеткенін айтқан еді. Алайда МӘМС «2025 жылы ТМҚК мен МӘМС аясында медұйымдарға тек 2,5 трлн теңге төленгенін», шығыстар қысқартылғанын жеткізді. 2026 жылы 2,4 трлн ғана жоспарланыпты. Жүйенің ашықтығы — қоғамның игілігі. Тек сол ашықтық сандардың сәйкестігіне ғана емес, адам жанының амандығына қызмет етсе, құба-құп. Қалқан мықты болуы үшін ол әлеуметтік әділет пен жауапкершіліктің қолында болуға тиіс.

Елбос СЕНБАЙ

ДОНОРЛЫҚТЫҢ БЕЙМӘЛІМ ДАҒҒЫЛЫ

Елімізде 4 200-ден аса адам ағза ауыстыруға мұқтаж болып отыр. Күні кеше ғана елімізде алғаш рет жасөспірімге жүрек трансплантациясы жасалды. 15 жастағы жасөспірімге 43 жастағы ер адамның жүрегі ауыстырылды. Ел бойынша 123 кәмелетке толмаған бала да осындай арпалыста өз донорын күтіп жатыр.

Айсулу СЪЕЗХАН

Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың статистикалық мәліметінше, жыл сайын 300 адам кезегі жетпей, «Күту парағын» шығады. Былтыр 4 506 адам күту парағында болса, оның 342-сі көз жұмған. Әр күнін үмітпен өткізетін бұл жандарды құтқарып қалу үшін жолы жоқ емес, бар. Оның басты шешімі — мәйіттік донордың әлеуетін арттыру. Дәрігерлердің айтуынша, 10 мәйіттік донор арқылы 50 адамның өмірін құтқарып қалуға болады. Өкінішке қарай, мәйіттік донор бағытын дамытуға бірқатар жайт мүмкіндік бермей келеді. Негізгі себеп — қоғамдағы қате түсінік пен қолданыстағы ереженің осал тұсы.

Қазір еліміздің кез келген азаматы көзі тірісінде eGov.kz порталына кіріп, қайтыс болғаннан кейін ағзаларды транспланттау мақсатында ерікті түрде келісім бере алады. Ерікті түрде келісім берудің екінші әдісі — бекітілген емхананың бағыты, тіркеу бөліміндегі мамандардың көмегімен «Транспланттау мақсатында ағзалардың және тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлықтың тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу» формасын толтырасыз. Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру орталығы директорының орынбасары Назгүл Жылгелдинаның айтуынша, «Қазақстан — әлемде донор болуға келісімді ел, қарсылықты да тіркеп қойған жалғыз ел». Бұл трансплантация саласындағы қызметтерді реттеудің бірден-бір артықшылыққа ие тетігі болғанымен, ереженің шикі тұсы барын да жоққа шығармаймыз. Мәселен, бұл форманы толтырған 130 мың адам донор болудан бас тартса, 7 мың адам ғана келісім берген, алайда қолданыстағы ережеге сәйкес, келісім берген 7 мың адам көз жұмса, мәйіттік донор ретінде қарастыру үшін жақын туыстарының келісімі міндетті түрде қажет



болады. Егер де туыстары қарсылық танытса, өкінішке қарай, марқұмның көзі тірі кезіндегі келісімінің күші жойылады. Мысалы, 2025 жылғы дерекке сүйенсек, 184 ықтимал донор анықталғанымен, олардың 19-ының ғана туысы келісім берген. Олардың 18-інің жағдайы медициналық көрсеткіштерге сәйкес келіп, 68 трансплантациялық ота сәтті өтті. Бұл — өте төмен көрсеткіш болғандықтан, ойлан-дырарлық мәселе. Әлемде бір мемлекет «келісім презумпциясын» негізге алса, басқа мемлекет «бас тарту презумпциясын» қолданады, ал бізде іс жүзінде «сұралған» келісім презумпциясы іске асады деген сөз, яғни марқұмның көзі тірісінде келісімі болса да, нақты шешім туыстардың рұқсатымен ғана қабылданады.

МӘЙІТТІК ДОНОРДЫҢ ҮЛЕСІ ТӨМЕН

Елде трансплантация бағдарламасы 2010 жылдардан бастау алды, бүгінге дейін 3 мыңға жуық трансплантациялық операция өтсе, оның 85 пайызы туыстық донорға тиесілі, яғни тірі адам донор болған. Демек, елімізде тірі донор болудың үлесі 80-90%-ға жетсе, әлемдік тәжірибеде, керісінше, мәйіттік донор бағыты 70-80%

жағдайда қолданылады. ТМД аумағын қарастырсақ, Беларусь елінің өзінде бұл жүйе едәуір қалыптасқан. Беларусь елінде адам тірісінде донор болуға қарсылық білдірмесе, бірден мәйіттік донорлыққа келіскен деп саналады, сол себепті күту парағындағы науқас саны 200-ден аспайды, ал пациент ағзаны ұзақ күтіп аура болмайды.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, бүгінге дейін 12 мыңнан аса адам мәйіттік донорлыққа келісім берген, ал 13 мың азамат бас тартқан. Келісім бергеннің бөрінің ағзасы медициналық талапқа сай келмесе, трансплантацияға жарамсыз анық әрі порталға кіріп, ерікті болуға немқұрайлы қарайтындар да көп.

— Трансплантацияны үйлестіру саласында донорлық белсенділік деген ұғым бар. Донорлық белсенділік — елдегі бір миллион халыққа шаққандағы донорлық көрсеткіші. Әлемде донорлық белсенділігі жоғары елдер қатарына Испания, Америка және Еуропа елдерін жатқызамыз. Испанияда 2024 жылы 1 миллион халыққа шаққанда — 53 донор, Америкада 50 донорға жетті. Елімізде мәйіттік донор белсенділігі өте төмен деңгейде. Әрбір адам eGov.kz порталындағы жеке кабинетіне өтіп, келісім бере алады немесе қарсылық таныта

алады. Келісім берген адамдардың саны төмен, тіпті порталға кіріп, мәселеге көңіл бөліп, өзі жайында ақпар қалдырмайды, — дейді University Medical Center-дің Медициналық және реттеуші сұрақтар бойынша департаментінің басты менеджері Сәуле Тағатқызы.

Маманның сөзінше, бір дүниені қаперде ұстау керек, адам келісім бергеннің өзінде донор болу мүмкіндігі төмен. Донор болу үшін адам реанимацияда болу керек және бас миының өлімі диагнозы бірден қойылмайды, арнайы комиссия бір тәулік ішінде әрбір 2-3 сағат арнайы тексеріс жасайды. Диагноз тіркелгеннен кейін де мәйіт бірнеше мәрте тексеруден өтеді, егер ішкі мүшелерінде инфекция анықталса немесе жарамсыз болса, ол адам донор бола алмайды.

— Осыдан бірнеше жыл бұрын жылына 2-4 донор ғана табылатын. 2025 жылы ғана мәйіттік донор саны сәл артты, 18 мәйіттік донор болды. Қазір 4 мыңнан аса адам трансплантацияға мұқтаж, оның ішінде 236 адам бауыр трансплантациясы бойынша күту парағында тұр, бауырға мұқтаж 20 шақты бала да бар. Трансплантация жасалмаса, өлім қаупі жоғарылайды. Жыл сайын 250-300 адам дүние салады және сонша адам жыл сайын күту парағына қосылады, — дейді С.Тағатқызы.

БАУЫРҒА МҰҚТАЖДЫҚ АРТТЫ

Трансплантология саласы күннен-күнге дамып келеді, егер де донор табылса, операция жасауға қажет технологиялық база да, шетелден білім-білігін шыңдап келген мамандар да жеткілікті. Таяуда University medical center орталығында Гепатобилиарлы хирургия және бауыр трансплантациясы бөлімі ашылды. Бұл сала бауыр бөлігін алу, өт қабын алып тастау, ісіктерді жою, өт жолын қайта құру секілді бірнеше күрделі операцияны қатар жасауға бағытталған.

— Бұрын күрделі операциялар үшін шетелге баруға мәжбүр болдық, қазір бөріні өзіміз атқара аламыз. Келесі стратегиялық қадам — бауыр трансплантациясының толыққанды бағдарламасы. Әлемдік деңгейдегі JCI стандартына сәйкес инфрақұрылым, сарапшылық деңгейдегі жабықтар, білікті мамандар — қажеттінің бөрі базамыздан табылады. Қолымызда саланы жаһандық деңгейде дамыту, Қазақстанды Орталық Азиядағы жоғары технологиялық медицинаның аймақтық хабына айналдыру мүмкіндігі бар, — дейді бөлім жетекшісі Дмитрий Львович.

Хирургтың айтуынша, қазір бүйрекпен қатар бауыр трансплантациясына мұқтаж науқастардың қатары артақ. Оған себеп — бауыр циррозы. Мұны жаһандық деңгейдегі пандемия десек те болады, ауру жыл сайын әлемдегі 1,3 миллионнан аса адам-

ның өмірін жалмап отыр. В және С вирус-тық гепатиті, метаболикалық синдроммен байланысты алкогольсіз майлы бауыр ауруы да артып келеді, алкогольді көп тұтыну да жығылғанға жұдырық. Бұл аурулар дер кезінде емделмесе, қатерлі ісікке ұласады, бауыр ауруы ұзақ уақыт симптомсыз өтетіндіктен, пациенттер көбіне-көп кеш емге келіп жатады, сол үшін де уақытылы тексерілу өте маңызды.

— Хирург қаншалықты талантты болса да, бір мәселені толық шеше алмайды. Бауырдың қатерлі ісігін емдеуде, гепатолог мүше функциясын тұрақтандырады, гепатобилиарлы хирург күрделі резекцияларды орындайды, интервенциялы радиолог ісікті жою әдістерін қолданады, эндоскопист асқын қауіпін бақылайды. Бірлескен бағытта бұл осындай экожүйе құрдык, ал трансплантология саласында мәйіттік донор жүйесін дамыту қажет, себебі бұл жүйе жаһандық стандартқа негізделген. Біз солай ғана жүздеген, мыңдаған адамды күту тізімінен шығара аламыз. Дамыған қоғамда жердегі миссияңыз аяқталған сәтте басқа адамға өмір сыйлау гуманизмнің ең жоғары актісі ретінде қалыптасқан, бізге осындай ұлттық жүйе құру қажет, — дейді хирург.

Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде алғаш рет синтетикалық протезбен бауыр трансплантациясы жасалды. Операцияның ерекшелігі, науқастың бауырымен қатар жүректі жалғап тұрған қан тамырлары да ауыстырылған. Отаны Астанадағы Ұлттық ғылыми онкология орталығының мамандары жасады. Екі баланың анасы Мөлдір Мұстафина бауыр ауруымен 7 жыл күрескен, осы арада альвеококк паразиті бауырды түгелдей жеп, өт жолы мен қан тамырларын қысып, жүрекке жеткен. Оған мәйіттік донор табылмай әрі жағдайы ұшығып кеткендіктен, ағасы бауырының 65%-ын сыйлап, өмірін сақтап қалды. Дегенмен де, тірі адамның ағзасына иек арта беруге де болмайды, себебі кей науқастың организмді жақындырының да органын көтере алмайды. Бір науқасқа ағасы да, анасы да бір бүйрегін беріп, алайда екеуінің де жарамды қалатын, керісінше бірнеше адамға қауіп төнетін жағдай да жетерлік. Қуаныштысы, Мөлдірдің ағасының жағдайы жақсарып, бауыры қалпына келген. Ал қарындасы өмірге қайта келді деп жүргенде, ауыр жол алатына ұшырап, тағы да операцияға түседі. Оның бауыры қайта зақымдалып, бір өлімнен аман қалады. Мөлдір бүгінге дейін жалпы 11 операциядан өткен.

Қазір әлемде жасанды жүрек, қан тамырын өткізгіштер, жасанды бауыр алмастыру бағыты да дамып келеді, алайда жасанды орган донор табылғанға дейін өмірді ұзартудың уақытша шешімі ғана. Сол себепті де, қайтсе де, донорлық жүйені дамытудың жолы ауадай қажет.

ВЕТЕРИНАРИЯ: АУЫР ЕҢБЕКТИҢ ЕЛЕНБЕГЕН ТҰСЫ

Кейінгі жылдары ветеринарияға көңіл бөліне бастады. Өйткені бұл салада қордаланған мәселе аз емес. Инфрақұрылымнан бастап, маман тапшылығы, олардың жалақысы, сапалы дәрі-дәрмек дейсіз бе, түйіні тарқатылуы тиіс дүние көп. Салада күрделі жағдай бар екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өткен болатын.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ



үшін заңнамалық жағынан бәрі пысықталалы, — деді ол.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2024-2025 жылдары өңірлерде 400 ветеринарлық нысан, 142 мал қорымы салыныпты. Ветеринариялық қызметкерлер үшін 892 арнайы машина, құрал-саймандар, оның ішінде планшеттер, термокондырғыштар сатып алыныпты. Бұл істерді «Қазақстан фермерлер қауымдастығы» ҚБ Ақмола облысы бойынша филиалының төрағасы Данияр Нұрпейісов саланы дамыту үшін жасалып жатқан оң қадамдар деп санайды.

— Ветеринария саласын жүйелі түрде дамыту үшін бірқатар шараны жүзеге асыру қажет. Біріншіден, ветеринариялық мамандардың мәртебесін көтеру, соның ішінде еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарау және қосымша ынталандыру тетіктерін енгізу қажет. Екіншіден, ветеринарларды заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету маңызды. Дәлірек айтқанда, зертханаларды, жылжымалы ветеринариялық клиникаларды жабықтау және ауруларды тіркеу мен бақылауды цифрландыру қажет. Үшіншіден, халықаралық стандарттарға сәйкес тәжірибеге бағытталған оқыту мен біліктілікті арттыруды қоса алғанда, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін бір ізге келтірген абзал. Төртіншіден, аудандық және ауылдық деңгейде ветеринариялық инфрақұрылымды дамытуға, ветеринариялық қызметтердің қолжетімділігі мен желелділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударған жөн. Тұрақты және заманауи ветеринариялық жүйені құру үшін Үкімет, бизнес және Фермерлер қауымдастығы сияқты кәсіби бірлестіктер арасында тиімді өзара әрекеттесу жүйесін құру өте маңызды. Бұл шараларды іске асыру ветеринариялық қызметтердің сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар мал шаруашылығын дамытудың, экспорттық әлеуетті арттырудың және Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың негізі болатынына сенімдіміз, — деп қоспады ол.

жайлы есеп берген болатын. Ол тиісті заң жобасын әзірлеу, әлеуметтік қамсыздандыру, материалдық-техникалық базаны жандыру бойынша жалпы алғанда алға жылжу бар екеніне тоқталған.

— Жалпы, республикалық бюджеттен 22 млрд теңгеге қолдау алдық. Өздеріңіз білесіздер, үй сатып алуға ветеринария мамандарына қазір ауылдық жерде 0,1 пайызбен, 15 жылға дейін жеңілдетілген кредит беріледі. Үй сатып алуға қазір мүмкіндік бар. Жергілікті атқарушы органдар екі жыл ішінде материалдық-техникалық қорды жақсарту үшін 11 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. 2026 және 2027 жылдарға жалпы сипаттағы трансфертер шеңберінде 1200-ден астам ветеринариялық пункт, 72 ветеринариялық станция және 1014 мал қорымын салуға 66,2 млрд теңге бөлінді. Яғни, біз екі жыл ішінде ветеринариялық инфрақұрылымды толық, 100% жабықтауымыз керек, — деген болатын вице-министр.

Құзырлы орган мәліметіне қарағанда, елде 2024 жылдан бастап ветеринариялық пункттерді, мал қорымдарын және ветеринариялық инфрақұрылымның ауқымды құрылысы жүргізіліп жатқан көрінеді. Бұл жұмыстар жоспар бойынша 2028 жылы аяқталмақ. Сөйтіп, бұл саладағы қордаланған түйткілдер кезең-кезеңімен шешілгені түр. Сала цифрландырудың да игілігін көретінге ұқсайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне қарағанда мал шаруашылығын цифрландыру арқылы ветеринарияға да біршама жаңалық енеді. Атап айтқанда, малдың төлдеу кезеңінен бастап, өнімнің туынушыға жетуіне дейінгі бүкіл процесс толық цифрлық қалағалауға алынады. Сату-сатып алу мәмілелері СМС-хабарлама арқылы расталып, төрт түлікке қатысты барлық дерек арнайы жүйеде автоматты түрде тіркелетін болады. Соның арқасында ветеринар дәрігерлердің жұмысы оңайланып, жүгі жеңілдемек. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаментінің директоры Бағлан Айтұраев мемлекет ветеринария саласына қолдау үшін қажетті жағдайларды жасап жатқанын жеткізді.

— Мемлекет тарапынан малды дәрілеуге қаржы тегін бөлініп келеді. Әркім өз малын дәрілетуге міндетті. Егер малға вакцина салмайтын болса, заңды тұрғыда тіркесемес, жауапкершілік қарастырылған. Жалпы, ветеринария желісі бойынша, барлық процесс цифрлық форматқа көшіріледі. Цифрлық форматқа көшірілу жұмысы заңнамалық тұрғыда мал иелері мен ет сатушыларының жауапкершілігін күшейтуден қатар жүретін болады. Малдың иесі дәрілетуге, тіркеуге өзі ұмтылуға тиіс. Ветеринар сондарынан жүгіріп жүрмей керек. Ауру малдың еті нарыққа шығып кетпес үшін, мал тіркеусіз қалмас

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ КӨНГІ КӨНШТІПЕЙ ТҮР

Ең өзектісі, ол — ветеринария саласындағы кадр мәселесі. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, ветеринариялық мамандардың штаттық саны — 11 011 бірлік. Оның ішінде бос жұмыс орындары бар. Нақты айтқанда, 515 мал дәрігері қажет болып тұр. Көбіне ветеринарлар жетіспеушілігі шығыс, солтүстік және орталық аймақтарда байқалады.

АШМ дереккөздеріне сүйенсек, ветеринарлардың айлық жалақысы 2023

жылы 24%-ға өскен. 2024 жылы республикадағы ветеринария мамандарының орташа жалақысы тағы 14%-ға артқан. 2025 жылы шамамен 10-15%-ға көбейтті. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға өсте болмайды. Себебі сананы тауар бағасының қымбаттауы, азаматтардың сатып алу қабілетінің көтерілмей тұрғаны рас. Яғни, жалақының өсуін инфляция жеп қоймауы керек.

Бұл ойды сала мамандары да құптап отыр. Қазақстан ветеринарлары қауымдастығының вице-президенті Мұхтар Сабырбек мал дәрігерлерінің азайғанын тікелей әлеуметтік жағдайдың жасалмауымен байланыстырады.

— Елдегі мал дәрігерлеріне орта есеппен 250-260 мың теңге көлемінде ғана мардымсыз жалақы төленеді. Ал бұл өз кезегінде маман тапшылығына апарып соқтырады. Сондықтан да, бізгегі ветеринария қызметкерлерінің жалақысын 2-3 есе көбейту қажет деп санаймыз. Сонда ғана мал дәрігерлерінің әлеуметтік жағдайы жақсарып, өз жұмысына ынтасы артады, — деп пайымдайды Ветеринарлар қауымдастығының вице-президенті.

Біздің елде мал дәрігерлерінің айлығын 400 мың теңгеден асыру көзделіп отыр. Бірақ кей өңірлерде 2 мыңнан астам малды бір дәрігер қарауға мәжбүр. Демек, бұл жалақы да маман тартуға азық ететін сынайды.

Біздің пайымдауымызша, бұл мәселені атқарушы билік өкілдері де жақсы түсініп отырған сынайды. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаментінің директоры Бағлан Айтұраевтың сөзіне қарағанда, мемлекет тарапынан ветеринарларды қолдау арта түспек екен.

— Мал дәрігерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту жоспарда тұр. Егер біз ветеринардың жалақысын көтеретін болсақ, олардың жұмысына деген құлшыныс пайда болады. Қателеспесем, 2026-2030 жылдарға арналған «Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарының» тыс, 2026 жылдан бастап мал дәрігерінің айлығын көтеру көзделіп қойған, — деп түйді департамент директоры.

Түйіндей келе, 2026-2030 жылдарға арналған «Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарында» ветеринарияға қатысты арнайы бөлім қарастырылған. Онда ветеринариялық пункттерді дамыту, зертханалық базаны күшейту, өңірлердегі ветеринариялық қадағалау, ветеринарлардың әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандырылуы көзделген. Жалпы, мемлекет ветеринария саласында бірқатар ілкімді істі қолға алды. Енді қалай боларын уақыт көрсетеді.

БЕЛСЕНДІЛІГІ БӘСЕҢ БУЫН

Елдегі жастар жұмыссыздығы мәселесі кейінгі жылдары қайтадан өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әсіресе, 25-28 жас аралығында жұмыссыздар санының артуы алаңдаушылық туғызады. Ресми деректерге сәйкес, бұл санаттағы жұмыссыздар саны 29,3 мың адамға артып, еңбек нарығының бір түйткілін ашып көрсетті.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАТАРЫН ТОЛТЫРЫП ЖҮР

Еңбек нарығында ең белсенді әрі ең қабілетті саналатын жастардың жұмыссыз жүруі кездейсоқ статистика дегенге келмейді. Сарапшылардың пікірінше, жастардың жұмыссыз қалу себептері сан алуан. Тіпті, дипломы барларының өзі еңбек нарығында орын таба алмай сенделіп жүр. Бірі сұраныссыз мамандық иесі болса, енді бірі тәжірибесі жоқ деген желеумен жұмысқа орналаса алмайды. Экономикалық ынталық және даму ұйымының (OECD) бағалауы бойынша, жастар арасындағы негізгі жұмыссыздық мәселесі жұмыс орнының саны емес, білім және кәсіби білік деңгейіне сай келетін, өнімді және ақысы жақсы жұмыс орындарының жетіспеуі. Нақты айтқанда, білім беру жүйесі мен еңбек нарығының талаптары арасында алшақтық пен жастардың еңбегіне лайықты ақы алатын жұмыс орындарының болмауы. Бұл тұрғыда Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева білім беру бағдарламаларының артықшылығын және олардың тәжірибелен алшақтығын растап отыр. Оның айтуынша, білім беру жүйесінде шамадан тыс академизм, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының қайталануы байқалады.

— Қазір жоғары оқу орындарында экономика бағыты бойынша 142, ал құқықтану бойынша 115 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Көп жағдайда мұндай бағдарламалар бір оқу орнының өз ішінде де қайталануы отыр. Сонымен қатар зерттеу базасымен жеткілікті қамтамасыз етілмеген шамадан тыс академиялық сипат сақталып, теория мен нақты тәжірибе арасындағы алшақтық тереңдей түскен. Бұл — жекелеген жоғары оқу орындарының мәселесі емес, жүйелі шешімді талап ететін ортақ түйткіл.

Сондықтан біз бұл бағытта нақты шешім қабылдап отырмыз. Жалпы саны 700-ден астам білім беру бағдарламасы қысқартылады. Оның ішінде 78 жоғары оқу орнындағы 503 бағдарлама артықшылық жою үшін, тағы 26 бағыт бойынша 235 бағдарлама жүйелі оқылықты жою мақсатында тоқтатылады. Бұл ретте барлық студенттің оқуын толық аяқтауына кепілдік беріледі. Алайда аталған бағдарламалар бойынша жаңа қабылдау жүргізілмейді, — дейді министр.

Жалпы, жастардың жұмысқа орналасуындағы қиындық ең алдымен олардың кәсіби біліктілігі, мамандығының еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарына сай емесі туралы мамандар жиі айтқанды.

— Еңбек нарығында техникалық мамандықтарға деген сұраныс бар. Ал ол техникалық мамандықтар жоғары немесе арнайы колледжде бітірген мамандардың кәсіби дағдылары белгілі бір аппаратпен жұмыс істеу сияқты кәсіби дағдылары жұмыс берушінің талабына сай келмейді. Бұл бізгегі білім сапасымен тікелей байланысты. Әсіресе, инфрақұрылымдық жағынан ауыл мектептерінің сапасы бөлекше кәсіби мамандарды дайындауға бейім емес. Сонымен қатар көптеген жоғары оқу орны функционалды білім береді де, прагматикалық, практикалық білім бермейді. Ақпараттық және жыл сайын мыңдаған білім беру гранты қалыптастырмайды. Сондықтан дипломы бар түлектер де — дипломы бойынша жұмыс істейтін десе, тағы да сол икемі, тәжірибесі жоқ болып шыға келеді, — дейді әлеуметтанушы Айсұлу Молдабаева.

ДИПЛОМ ИНФЛЯЦИЯСЫ: БІЛІМ БАР, СҰРАНЫС ЖОҚ

Еліміздің еңбек нарығында «Қазақстанда дипломның құны бар ма?» деген сұрақ жиі қойылады. Себебі жоғары білімге мемлекет тарапынан салынған қомақты инвестицияға және жыл сайын мыңдаған білім беру гранты бөлінітініне қарамастан, мамандық бойынша нақты жұмысқа орналасу коэффициенті төмен деңгейде қалып отырғаны жасырын емес. Президент жанындағы ҚСЗИ Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің бас сарапшысы Гүлназ Қасымованың пайымдауынша, жүргізілген таңдаулы сауалнама нәтижелеріне сәйкес, бүгінде жас мамандардың бестен бірі бөлігінен астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді: бұл көрсеткіш техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) түлектері арасында — 29%, ал жоғары білім алғандар арасында 17%-ды құрайды.

— Университет пен ТЖКБ түлектері көбіне қызмет көрсету саласына немесе жоғары білімді қажеттейтін жұмыс орындарына кетуге мәжбүр. Мұндай үрдістер тұрақсыз жұмыспен қамту, төмен жалақы және әлеуметтік кепілдіктердің болмауымен сипатталатын әлеуметтік топ — прекариаттың қалыптасуына ықпал етуде, — дейді маман.

Десе де, жақында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек кейбір университеттердің талапқа сай келмейтінін, бірақ кейінгі уақытта жоғары білім жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болғанын және негізгі басымдықтың сапаны арттыруға бағытталып жатқанын айтты.

«Шынымен де, сынға шыдай алмайтын, білімі сапасыз университеттер бар. Біз олардың лицензияларын кері қайтарып, жабу жұмыстарын жалғастырып жатырмыз. Бұл — күрделі процесс. Диплом ешқандай артықшылық бермейді деген клишені өзгерту керек. Білім қазір басқа деңгейде», — деді Саясат Нұрбек.

Қазір технологиялық трансформацияның қарқыны дүниежүзінде экономиканың құрылымы мен еңбек нарығының тез өзгеруіне тікелей әсер етіп жатқаны белгілі. Сарапшылардың сөзінше, цифрландыру, жасанды интеллект, автоматтандыру және Биг Дата мүлде жаңа жағдайды қалыптастырып отыр. Мұндай жағдайда білім беру жүйесінің жаңа технологиялар мен заман талаптарына сай болуы — шешуші факторға айналады. Осы орайда Үкімет кадрлық қамтамасыз ету мен білім беру бағдарламаларына ауқымды талдау жүргізіп негізгі мәселелерді анықтайды. Аида Балаеваның сөзінше, Үкімет тарапынан кадрлық мәселелер бойынша 73 мыңнан астам отандық көсіпорынды қамтыған ауқымды сауалнама жүргізіліп, талдау нәтижесінде шұғыл шешуді талап ететін бірқатар жүйелі проблема анықталған.

«Біріншіден, кадрлардың жасына байланысты мәселе белгілі болды. Мамандардың негізгі үлесін 40-тан 59-ға дейінгі жас аралығындағы қызметкерлер құрайды. Кейбір өңірлерде, атап айтқанда Павлодар облысында, 50-ден 59-ға дейінгі жас санатындағы қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылғандардың шамамен 50%-ына дейін жетеді. Бұл алдағы 7 жылдан 10 жылға дейінгі кезеңде экономиканың негізгі салаларында білікті мамандар тапшылығы туындауы қауіп бар екенін көрсетеді», — дейді министр.

Яғни, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі аймақтық теңсіздік және көші-қонмен тікелей байланысты болуы да мүмкін. Мәселен, ірі қалаларда жұмыс мүмкіндігі көп болғанымен, бәсеке жоғары. Ал өңірлерде жұмыс орындарының тапшылығы сақталып отыр. А. Балаеваның айтуынша, өңірлердегі нақты кадр қажеттілігі мен мамандарды даярлау бағыттары арасында елеулі алшақтық бар.

«Мәселен, Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы саласына 800 маман қажет болса, білім беру жүйесі бұл сұранысты толық қамтамасыз ете алмай отыр. Ал Қарағанды облысында 351 ІТ вакансияға



2 500-ден астам студент дайындалып жатыр», — деді ол.

БАҒДАРЛАМАЛАР БАР, НӘТИЖЕ ҚАЙДА?

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2025 жылдың төртінші тоқсанындағы ресми ақпарат бойынша елдегі жұмыссыздар саны 445,7 мың адамға жеткен. Жұмыссыздардың ең үлкен үлесі 35-44 жас аралығындағы азаматтарға тиісті болса — 164,3 мың адам. Ал 16-24 жас аралығында — 39,6 мың адам және 25-28 жас аралығында — 29,3 мың адам жұмыссыз. 2024 жылмен салыстырғанда 16-24 жас аралығында жұмыссыздар саны 7,1%-ға өскен, 25-28 жас аралығында — 40,7%-ға өскен. Сондай-ақ аймақтардағы жұмыссыздар саны ең көп Алматы қаласында 53,5 мың адам — 4,5%. Екінші және үшінші орында Түркістан облысында 39,9 мың адам — 4,6% және Алматы облысында 35,5 мың адам — 4,6% адам жұмыссыздар қатарында. Ал Алматы қаласында жастардың — 4,1%-ы жұмыссыз болса, Батыс Қазақстанда — 3,9%, Астанада — 3,8% жастар жұмыссыз жүр.

— Билтырғы шілде айындағы көрсеткішке сәйкес елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ы сақтап отыр. Ал жұмыспен қамтылғандар қатары жалдамалы жұмыскерлер есебінен өсіп, олардың саны 7,1 миллион адамға жетті, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны — 2,1 млн адам, — дейді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Бнахметов.

Вице-министрдің айтуынша, елімізде халықтың саны өсіп жатыр. Соның нәтижесінде жыл сайын еңбек нарығына келіп жатқан жастардың қатары артады. Болжам бойынша 2035 жылға дейін бұл көрсеткіш жылына 360 мың адамға дейін өсуі мүмкін. Бұл еңбек нарығына қосымша салмақ түсіреді.

Дегенмен мемлекет халықты жұмыспен қамту бағытында және әсіресе жастар үшін «екі қолға бір күрек» мақсатымен түрлі бағдарламаны ұсынады. Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2026 жылы «Жастар практикасы» жобасы шеңберінде 25 мың жас қазақстандықты жұмыспен қамту шаралары жоспарланып отыр.

Жастар практикасына алынған мамандығы (біліктілігі) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жасы 35-тен аспаған, білім беру ұйымдарының жұмыссыз түлектері қатыса алады. Бағдарламаға қатысу үшін Мансап орталығына өтініш беру қажет. Практикадан өту кезеңінде әрбір қатысушыға жұмыс беруші тарапынан тәлімгер бекітіледі, ол кәсіби білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

«Жастар практикасын» қаржыландыруды Еңбек ұтқырлығы орталығы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жалақыны ай сайын төлей отырып жүзеге асырады. Төлем жұмыс беруші ұсынған мәліметтер негізінде екінші деңгейдегі банктерде ашылған қатысушылардың ағымдағы (карталық) шоттарына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізіледі.

— 2026 жылғы ақпан, наурыз айларының қорытындысы бойынша жоба аясында 423 адам жұмыспен қамтылды. Бағдарламаға қатысушылар жұмысқа орналасқан ең сұранысқа ие мамандықтар қатарында мейіргер (124 адам), заңгер (66 адам), шет тілі мұғалімі (57 адам), тәрбиеші (47 адам) және бастауыш сынып мұғалімі (43 адам) бар. Республика бойынша орташа жалақы мөлшері 129,7 мың теңгені құрады, — делінген хабарламада.

Алайда кейбір мамандар «Жастар практикасы» негізінде «Жасыл ел» секілді басқа да құрылыс отрядтарына жастарды жұмысқа тарту мәселені шешпейтінін айтады. Әрине, мемлекеттік бағдарламалар жұмыс берушілердің жастарды жұмысқа алуына серпін береді. Айтпа кететін жайт, бұл жерде көбіне онсыз да жұмысқа тұруға қабілетті, онсыз да жұмыс істейтін жастар алынады. Ал кәсіби дағдылары жоқ немесе білімі мен біліктілігі жоқ жастар тағы да бұл бағдарламадан тыс қалып қояды.

СЕРПІН

2 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

— Дос мырза, алдымен Nасе.АІ стартапы туралы айтып өтсеңіз. Қандай өнім жасап шығарасыздар? Серіктестеріңіз кімдер? Қазақ кәсіпкерлерінің АҚШ нарығындағы қадамы қалай басталды?

— Біздің жобамыздың айрықша тұсы — біз зерттеуге үлкен мән береміз. Жылдам нәтижеге немесе хайпка емес, сапа мен болашақтағы тұрақты нәтижеге көңіл бөлеміз.

Nасе.АІ — корпоративтік секторға арналған мамандандырылған жасанды интеллект модельдерін әзірлейтін зерттеу және өнім компаниясы. Біздің жұмысымыз екі бағытта жүреді: фундаменталды зерттеулер және нақты өнім әзірлеу. Алғашқы өніміміз NAVI деп аталады. Бұл — қаржылық аудитті толық автоматтандыратын AI-агент. Ол мыңдаған құжатты талдап, тәуекелдерді анықтап, транзакцияларды тексеріп, есептер дайындайды. Бүгінде Big Four компаниялары мен Fortune 500 тізіміндегі кәсіпорындар біздің клиенттеріміздің қатарында.

АҚШ нарығын тандауымыздың себебі қарапайым. АҚШ нарығы — әлемдегі ең жетілген технологиялық нарық. Ол жақта шешімдер жылдам қабылданады, сапалы кері байланыс оңай алынады,

Жуырда баспасөзде қазақ кәсіпкерлерінің Nасе.АІ стартапы Кремний алқабындағы General Catalyst қорынан 21,5 млн доллар инвестиция тартқаны туралы ақпарат жарияланды. Біз стартаптың бас директоры Дос Бақытжанмен әңгімелесіп, жасанды интеллект модельдерін әзірлеумен айналысатын компания жайлы біршама мәліметке қанық болдық.

Дос БАҚЫТЖАН,
Nасе.АІ стартапының
бас директоры:



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУНДАМЕНТАЛДЫ МЕКТЕБІН

АҚШ НАРЫҒЫМЕН ҰШТАСТЫРҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ

белсенді кезеңінде 10 миллионнан астам адам пайдаланды, солардың негізгі бөлігі Еуропа мен Американы қамтыды.

Өнімді 2025 жылы Newry Global Media атты испаниялық медиахолдинг сатып алды. Бұл — Қазақстан нарығы үшін алғашқы табысты exit-мәміленің



Фундаменталды білімсіз сырттың идеясын тыңдаған мағынасыз. Сол себепті командамыздың жартысы жоғары ғылыми дайындықтан өткен. Кітап та оқимыз, бірақ ең бастысы, зерттеуді тәжірибемен ұштастырамыз.

бірі. Ал біз үшін бұл жана серпін болды. Сол тәжірибеден кейін нарықтың қажеттілігін нақтырақ түсіндік те, Nасе.АІ жобасын бастадық.

— АҚШ нарығында жұмыс істей жүріп не байқалды? Өз елімізбен салыстыра

отырып айтсаңыз. Бәсекелестер көп екені айдан анық. Бірақ мүмкіндіктер де көп шығар?

— АҚШ-та бәсеке өте қатты, бірақ ережелері айқын. Өнімнің жақсы болса, нарық мойындай береді. Шешімдер жылдам қабылданады, клиенттер пікірлерін ашық айтады, экожүйе сенімді өсуіне жұмыс істейді.

Қазақстанда керісінше. Таланттар өте күшті, фундаменталды мектеп — математика, физика, алгоритмдер әлемдік деңгейде. Бірақ жаһандық ойлаудың, тәуекелге дайындықтың және тез масштабтауға мүмкіндік беретін экожүйенің дамуы жолында әлде де үйренеріміз көп. Біз осы екі дүниені біріктіргіміз келеді. Қазақстанның фундаменталды мектебін АҚШ нарығының мүмкіндіктерімен ұштастырсақ дейміз. Өйткені біздің командада күрделі инженерлік мәселелерді шешіп жүрген 19-20 жастағы инженерлер бар.

— Стартап тәуекелі көп бизнес қой. Жалпы, қалай тәуекел етесіз? Тәуекел етіп, іске аспай қалған жобаларыңыз бар ма?

— Тәуекелді мен «не жоғалтамын?» деп емес, «не үйренемін?» деп қараймын. Барлық тәуекел бірдей емес. Жорамалға негізделген тәуекел бар, сондай-ақ деректерге, диалогқа және верификацияланған екіпіншісімен таңдаймыз.

Іске аспаған жобаларымыз да болды, бірақ олар бізге сабақ болды. GOAT. AI-ды дамытқанда да көптеген сынақтан өттік. Негізгісі, жалпыға арналған тұтынушылық өнім корпоративтік нарықта жұмыс істемейтінін уақытылы түсіндік. Бұны «сәтсіздік» емес, бағыттың дұрыстығын тексеру деп білеміз.

Инвесторлар іздегенде де сол тәуекелді сезіндік. 42 кездесудің 41-інде «жоқ» деген жауап айтылды. Ал 42-кездесудегі «иә» бізге 36 сағатта раундты жабуға мүмкіндік берді. Тәуекел деген — сенімсіздікке төзу мүмкіндігі.

— Идеяларды қайдан аласыз? Ақпараттық жүйелер, бағдарламалау бойынша әлемдік деңгейдегі авторлардың кітаптары көмекке келе ме?

— Идея нарықтан келеді. Ең дұрыс гипотезаларды біз Apple, Microsoft сияқты компаниялардың AI жетекшілерімен тікелей диалог арқылы аламыз. Нарық өзі не қажет екенін айтады. Тек тыңдай білу керек.

Бірақ фундаменталды білімсіз сырттың идеясын тыңдаған мағынасыз. Сол себепті командамыздың жартысы жоғары ғылыми дайындықтан өткен. Кітап та оқимыз, бірақ ең бастысы, зерттеуді тәжірибемен ұштастырамыз. Біздің техникалық директор Жәнібек Дүтбаев Meta AI-дың инфрақұрылымында жұмыс істеген болса, ғылыми жетекші Әбілқайыр Сапаров Purdue, Princeton және Carnegie Mellon университеттерін білім алған. Осының бәрі бізге керекті теориялық тұғырды береді.

— Болашақтағы жоспарыңыз қандай?

— Біздің кәсіргі мақсатымыз — Қазақстан мен Орта Азияның түкпір-түкпірінен таланттарды жинау. Біз үшін командада жаһандық нарықта дамуға дайын отандастарымыздың болуы маңызды. Жакын арадағы міндетіміздің бірі — қаржылық аудитті жылдың соңына дейін толық автоматтандыру. Яғни, бүгін 20 адам жасайтын жұмысты ертең бір маман AI-агенттердің көмегімен атқаратын болады.

Жалпы, Nасе.АІ-дың стратегиялық мақсаты — компанияны басқара алатын жасанды интеллект жасау. 1-2 қызметкер, 5 млн доллар табыс, 99% AI арқылы басқарылатын кәсіпорын. Бұл арман сияқты естілгенімен, технологиялар сол бағытта жылдам дамып жатыр.

Ал Қазақстанда жетістіктеріміз туралы хабарлап, экожүйені нығайтқымыз келеді. Сондықтан Қазақстаннан математика, физика, бағдарламалау олимпиадаларының финалистерін, таланттарды белсенді тартып жатырмыз. Жаһандық деңгейдегі deep tech компаниясын Қазақстанда да құруға болатынын өз мысалымызбен дәлелдегіміз келеді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл СЕЙІЛ



ал капиталға және серіктестерге қол жеткізу мүмкіндігі басқа нарықтармен салыстыруға келмейді. Біз бірден жаһандық деңгейдегі компания ретінде қалыптасқымыз келді, сол себепті Кремний алқабынан бастадық.

— Стартапты Кремний алқабындағы General Catalyst қоры қолдап, 21,5 млн доллар инвестициялаған едіңіздер. Яғни, Американың қор сіздерге қаржы берді, ал сіздер оларға не ұсынасыздар?

— Инвесторларға біз үш нәрсені ұсынамыз: кәсіби команда, верификацияланған нарықтық гипотеза және нақты өлшенетін нәтиже беретін өнім. Бізде бұрын 10 миллионнан астам тұтынушы қолданған GOAT.AI атты жоба болған. Сол тәжірибе негізінде нарықтың нақты мәселесін анықтадық. Жалпыға арналған модельдер корпоративтік ортада жұмыс істемейді. Бұл гипотезаны Apple сияқты ірі компаниялардың AI жетекші-

лерімен тікелей диалог арқылы растадық.

General Catalyst — Кремний алқабының ең беделді қорларының бірі. Оларға нақты нәтиже беретін жоба, команда мен идея айқын болғандықтан, бізге сенім білдірді. Бұл инвестиция тек қаржы ғана емес, нарыққа берілген мықты белгі деп білеміз. Одан кейін Yahoo, Intel негізін қалаушылары, Microsoft техникалық командасы және Walden Catalyst қоры да бізді қолдады.

— 10 миллионнан астам адам қолданған GOAT.AI жобасы туралы айтып қалдыңыз. Бұл жоба сіздерге қандай мүмкіндік ашты?

— GOAT.AI — тұтынушылық нарыққа бағытталған AI платформасы болды. Онда пайдаланушылар өздерінің цифрлық жоспарларын жасап, оқу материалдарын жүктеп, сабаққа дайындалу үшін белсенді қолданды. Өнім App Store мен Google Play арқылы таратылып, Еуропа чарттарында 37 апта бойы жоғарғы қатарда тұрды. Ең



(Басы 1-бетте)

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

Бұл сандардың өзі ғылымға деген қызығушылықтың артқанын айғақтайды. Бірнеше жыл бұрын мұндай көлем туралы айту қиын еді. Яғни, Қазақстан ғылымды қолдаудың жаңа кезеңіне аяқ басты деуге негіз бар.

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Елбек Өтеповтің айтуынша, Қазақстанда ғылымды қаржыландыру рәсімен өсіп келеді, мемлекет қолдау құралдарын кезең-кезеңімен кеңейтіп отыр. «Конкурстар саны көбейіп, бөлінетін қаржы көлемі де артып келеді. Бірақ соған қарамастан, ҒЗТҚЖ-ға жұмсалатын шығындардың ЖІӨ-дегі үлесі әлі де төмен деңгейде қалып отыр», — дейді ол.

Ғалым Дүниежүзілік банк деректеріне сүйенсе отырып, 2023 жылы бұл көрсеткіш небәрі 0,14% болғанын, ал кейінгі жылдары шамамен 0,16% деңгейінде сақталғанын айтады. «Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 2–3% шамасында. Яғни, біз әлі де едәуір артта келеміз», — дейді профессор.

Сонымен бірге ол ғылымды қолдау тек жалпы сандармен емес, нақты тетіктер арқылы жүзеге асып жатқанын атап өтті. «Қазақстанда гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жүйесі

қалыптасқан. Жыл сайын түрлі конкурстар жарияланып, ғылыми жобалар іріктеледі», — дейді Елбек Өтепов. Мәселен, жас ғалымдарға арналған «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша бір жобаға жылына 30 млн теңгеге дейін қаржы беріледі. Басқа гранттар бойынша бұл сома 75 млн теңгеге дейін жетуі мүмкін. Ал жалпы гранттық жобаларда қаржыландыру көлемі көбіне 120–150 млн теңге аралығында болады.

Ғалымның айтуынша, коммерцияландыруға бағытталған жобаларға қойылатын талап мүлде бөлек. «Мұнда нақты өнім шығару міндеті бар. Бір жобаға 350 млн теңгеге дейін қаржы беріледі, бірақ оған қоса міндетті түрде жеке серіктес тарапынан кемінде 20% қосымша қаржы тартылуға тиіс», — дейді ол. Ал бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ірі ғылыми-техникалық міндеттерді шешуге бағытталған. «Бұл жерде қаржы көлемі бірнеше жүз миллионнан бірнеше миллиард теңгеге дейін барады. Мұндай жобалар қазір мегагранттар деп аталады», — деп түсіндіреді профессор.

Елбек Өтепов ғылымдағы іріктеу мен бақылау жүйесіне де тоқталды. Оның сөзінше, қаржыландыру оңай берілмейді. «Барлық өтінімдер алдымен мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өтеді, содан кейін ұлттық ғы-

ҒЫЛЫМҒА ҚАРЖЫ — ҚАРЫШТАУ КІЛТІ

лыми кеңестерде қаралады. Қаржы тек ең негізделген жобаларға ғана беріледі», — дейді ол. Сонымен қатар жобалар тек басталғанда ғана емес, іске асу барысында да қатаң бақылауда болады. «Бұл дұрыс, өйткені бұл — салық төлеушілердің ақшасы. Сондықтан оның қалай жұмсалып жатқанын бақылау қажет», — дейді ғалым.

Профессор ғылымдағы нәтижені бағалау тәсілдерінің де әртүрлі екенін атап өтеді. «Гранттық қаржыландыруда негізгі нәтиже — ғылыми жарияланымдар. Бұл халықаралық талаптарға сәйкес келеді. Ал бағдарламалық-нысаналы жобаларда стратегиялық міндеттер шешіледі: зертхана ашу, кадр дайылау, жаңа бағыттарды дамыту», — дейді ол.

Ал коммерцияландыру жобаларында басты талап — нарыққа шығатын нақты өнім. «Бұл жерде лицензиялау, құқықтарды беру сияқты нақты механизмдер жұмыс істейді», — деп түсіндіреді Өтепов. Оның айтуынша, барлық талаптар келісімшарттарда нақты көрсетіледі. «Жобалар бойынша тек сан емес, сапа да бағаланады. Ғылыми мақалалардың өзі белгілі бір халықаралық көрсеткіштерге сәйкес болуы тиіс — квартиль, процентиль сияқты талаптар қойылады», — дейді профессор. Егер жоба бірнеше жылға есептелсе, әр жылға нақты нәтиже жоспарланып, соған сай есеп беріледі. Профессор пікірінше, басты міндет — осы жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, ғылым нәтижесін нақты өмірмен байланыстыра білу.

Дегенмен ғылымды тек коммерциямен өлшеу де дұрыс емес. Бұл туралы экономист

Расул Рысмамбетов орынды пікір айтады. Оның сөзінше, негізгі мәселе — ғылымға деген нақты сұраныстың жоқтығы. «Сұраныс болмаса, ұсыныс та дамымайды. Ғалымдар да практикалық шешімдерге жақындауы керек», — дейді сарапшы.

Сондықтан ол институционалды өзгерістер қажет екенін алға тартады. «Қазақстанға толыққанды Ғылым министрлігін қайта құру керек. Қазіргі модельде ғылым жоғары біліммен біріктірілген, ал бұл жүйеде басымдық көбіне білім беру жағына ауып кетеді», — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, дамыған елдерде ғылым бөлек стратегиялық бағыт ретінде қарастырылады. «АҚШ-та National Science Foundation, DARPA сияқты құрылымдар бар. Оңтүстік Корея мен Израиль де ғылымды бөлек басқару жүйесі арқылы дамытып отыр. Бізге де шешімдерді ғылымға сүйеніп қабылдайтын модельге көшу керек», — дейді Р.Рысмамбетов.

Бүгінде ғылымға бөлінетін қаржының құрылымына қарасақ, оның жартысынан астамы еңбекқақыға жұмсалатынын көреміз. Бұл — табиғи нәрсе. Өйткені ғылым — ең алдымен адам капиталы. Ғалымдар мен зерттеушілердің еңбегі бағаланбаса, ешқандай нәтиже болмайды. Соңғы жылдары ғылыммен айналысатын мамандар саны да өсіп келеді. Егер бұрын бұл көрсеткіш 16 мың шамасында болса, қазір 27 мыңға жуықтаған. Бұл — ғылымға жаңа буынның келіп жатқанын көрсететін жақсы белгі.

Сонымен қатар зерттеушілердің ішінде PhD докторларының үлесі айтарлықтай

артқан. Бұл — қазақстандық ғылымның халықаралық стандарттарға бейімделіп жатқанын білдіреді. Яғни, сапалық өзгерістер де бар.

Алайда инфрақұрылым мәселесі әлі де өзекті. Ғылыми жадықтары бөлінетін қаржы жалпы көлеммен салыстырғанда аз. Бұл зертханалардың мүмкіндігін шектейді. Ал заманауи ғылым технологиясыз дамымайды. Сондықтан алдағы уақытта инвестицияның бір бөлігі дәл осы бағытқа көбірек бағытталуға тиіс.

Сарапшы Олжас Байділдинов ғылымның нақты нәтижеге жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтеді. Оның пікірінше, ғылым күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым технологиялардан басталуы керек. Яғни, үлкен жобалармен қатар, нақты өнімдер шығару да назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл — ғылымды халыққа жақындататын маңызды қадам.

Тағы бір маңызды мәселе — ғылым мен экономиканың байланысы. Қазір бұл байланыс әлсіздеу екені байқалады. Бірақ оң өзгерістер де жоқ емес. Мысалы, әлемде ғылымды экономикамен ұштастырудың тиімді үлгілері бар. Гонконг университеттері ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру арқылы миллиардтаған табыс тауып отыр. Қытай болса, патенттерді жүйелі түрде нарыққа шығарып, ғылымды индустрияға айналдырды.

Қазақстан да осы бағытқа бет бұрып келеді. Мемлекет тарапынан инновацияны қолдауға арналған бағдарламалар іске қосылып жатыр. Университеттер мен бизнес арасындағы байланыс күшейе бастады. Бұл — әрине, уақытты талап ететін процесс.



ШАҢДЫ ДАУЫЛДЫҢ ШЫРҒАЛАҢЫ

Кейінгі жылдары Атырау облысы экологиялық тұрғыдан күрделі кезеңді бастан өткеріп отыр. Әсіресе, көктем басталғалы көз аштырмай келе жатқан шаңды дауылдар мен топырақ аралас жаңбыр тұрғындардың алаңдаушылығын күшейтті. Бұл құбылыстың түпкі себептерін анықтау үшін өңірде кешенді зерттеу жұмыстары басталды. Арнайы жұмыс тобына облыс әкімдігі, Экология департаменті, төтенше жағдайлар қызметі және қоршаған ортаны қорғау саласының мамандары тартылған.

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ТАРТЫЛҒАН ТЕНІЗДЕН КАУІП КӨП

Жұмыс тобына жетекшілік етіп отырған облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев бастаған мамандар Каспий теңізі жағалауын әуеден шолып, құрғап қалған аумақтардың жағдайын бағалады. Алдын ала мәліметтер бұл экологиялық өзгерістердің басты себебі ретінде теңіз деңгейінің төмендеуін көрсетіп отыр.


Атырау облысы Экология департаментінің басшысы Ерлан Есенов атап өткендей, бұрын су астында жатқан жерлердің ашылуы өңірдің табиғи балансын бұзған. Бұл аумақтарда жиналған тұз, ұсақ құм мен шөгінділер желдің әсерінен ауаға көтеріліп, ондаған шақырымға дейін таралуда. Нәтижесінде, Атырау қаласы мен оның маңында ауа сапасы нашарлап, шаң-тұз қоспасы тұрғындардың денсаулығына қауіп төндірді.

Сарапшылардың пікірінше, Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі — тек жергілікті емес, ауқымды климаттық өзгерістердің

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов тапсырмасымен ғылыми қауымдастық пен сала мамандары тартылып, кешенді жоспар әзірленбек. Зерттеу қорытындысынан кейін құрғаған аумаққа табиғи ортаға бейімделген өсімдіктер отырғызу жоспарланыпты. Бұдан бөлек, ауаға көтерілетін шаң мен тұз көлемін азайту үшін ылғалдандыру технологияларын қолданудың мүмкіндігі қарастырылады.

«Мамандар қазір бірнеше ұсыныс беріп отыр. Біріншіден, фитомелиорация — құрғаған теңіз табанына жергілікті климатқа төзімді өсімдіктер отырғызу. Екіншіден, топырақты ылғалдандыру технологиялары — шаң көтерілуін азайту. Үшіншіден, мониторинг жүйесін күшейту — ауа сапасын тұрақты бақылау. Төртіншіден, ғылыми-зерттеулер — топырақ пен ауа құрамын толық талдау», — дейді облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Сонымен қатар бүгінде қала аумағында ұсақ құм қабаты ашық жатқан төрт негізгі учаске анықталды. Мұнда өсімдік жоқ, сондықтан бұл аумақтарды қолдандыру бағдарламасына енгізу жоспарланып



салдары. Кейінгі онжылдықта жауын-шашын мөлшерінің азаюы, өзен суларының аз келуі (әсіресе, Жайық өзені арқылы), сондай-ақ температураның көтерілуі теңіз суының булануын арттырды.

Әзербайжанның су пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылау қызметінің кадастрлық есеп пен тізілім бөлімінің менгерушісі Рафик Вердиев кейінгі 4 жылда Каспийдің деңгейі 24 сантиметрге төмендегенін айтқаны бар. Вердиев климаттың әрі қарай өзгеруі жағалау аймақтарындағы экологиялық жағдайды едәуір қиындататынын, бұл аймақ елдері үшін экономикалық салдарға әкелетінін атап өтті. Бұған дейін Central Asia Climate Foundation жеке қорының мамандары Каспий теңізінің тартылу қаупі бар екенін, оның тағдыры Арал теңізінің сценарийін қайталау мүмкін екенін мәлімдеген еді. Қордың мәліметінше, кейінгі 20 жылға жетпейтін уақытта Каспий теңізінің аумағы 34 мың шаршы шақырымнан астам қысқарған.

Шаңды дауылдар тек табиғи құбылыс емес, ол — қоғамдық денсаулық мәселесі. Ауадағы тұз бен ұсақ бөлшектер тыныс алу жолдарына түсіп, аллергия, астма және басқа да созылмалы ауруларды күшейтуі мүмкін. Әсіресе, балалар мен қарт адамдар үшін қауіп жоғары. Қала аумағында анықталған төрт негізгі учаскеде өсімдік шамылғысының жоғы жағдайды одан әрі ұшықтырып отыр.

ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНУДА?

Өңір басшылығы мәселені шешудің бірнеше бағытын қарастырып отыр.

AGMF qyzmet ЖШС БСН 210640029766 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ш.Құдайбердіұлы 29/1, тел.87071502083.

БАЛЛОНҒА БАЙЛАНҒАН ӨҢІР

Көгілдір отынның орталықтандырылған жүйесінің болмауы кейде орны толмас өкінішке апарып соғатыны рас. Газ баллонның бүгінге дейін қолдануға мәжбүр болып тұрған аймақтардың бірі — Ақмола облысы. Былтыр облыс орталығында болған газ жарылысынан балалар дүниеден өтті, биыл Щучинскідегі «Центр плов» кафесінде болған жарылыстан 11 адам опат болып, 30-дан астам адам ауыр жарақат алды. Түйткілдің басты түйіні қауіпсіздік талаптарын сақтамаудың салдарынан ғана емес, мәжбүрлікте жатқанын да айта кету керек.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Өңірде аталған мәселеге мемлекет тарапынан қомақты қаражат қарастырылып, осыдан талай жыл бұрын-ақ көгілдір отын берілуге тиіс еді. Алайда газдандыру мәселесі Ақмолада жылдар бойы шешілмей келе жатыр. Бұрабай ауданында болған қайғылы оқиға бұл мәселенің қаншалықты өткір екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Аудан әкімдігінің өзі мойындағандай, мұнда орталықтандырылған газ да, газғолдерлік жүйе де атымен жоқ. Демек, халық пен кәсіпкерлердің жалғыз «тандауы» — тек газ баллондары.

Жалғыз Бұрабай ауданы ғана емес, Атбасар, Степногорск, тіпті, облыс орталығы Көкшетаудың өзі толыққанды газ жүйесіне қосылмаған. Степногорскіде тұрғындардың 40 пайызы, кәсіпкерліктің едәуір бөлігі газ баллонның қолдануға мәжбүр. Көкшетауда жағдай сәл ғана өзгеше болғанымен, түбегейлі шешім таппаған. Шаһарда 246 газ реттеу қондырғысының тек жартысы жұмыс істейді, ал бұрынғы жүйелер қанырап бос қалған. Көпшілігі қирап іске жарамсыз күйге түскен.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАРҒЫН СУҒА ДАЙЫН БА?

Қысы ұзақ Қарағандының бір мәселесі қар ерігенде басталады. Аймақта бұл кезеңде ауылдар ғана емес, қала халқы да су қалдырмай бастайды. Енді осы қарбаласқа әзірлік қалай?

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Биыл қар еруін күткен төтеншеліктер ақпан айында «Көктем-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізді. Осы оқу аясында су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларға ден қойып, дайындық пысықталғаны айтылды. Бір мезгілде Абай ауданының Самар ауылдық округіне қарасты «Огороды» бөлімшесінде қорғаныс бөгетін нығайту бойынша практикалық жұмыстар жүргізілді.

Су басу қаупі бар аймақтардан халықты эвакуациялау ұйымдастырылып, зардап шеккен тұрғындарды қабылдау пункті ашылып қойған. Пунктте азаматтарды тіркеу, тамақтандыруды ұйымдастыру, медициналық тексеру және алғашқы көмек көрсету қамтамасыз етілді.

Негізі, қазір Қарағанды облысында жағдай тұрақты, өзендердің мұз еруі бақылауда. «Қазгидромет» мәліметі бойынша, облыс аумағының шамамен 45%-ын қар басып жатыр.

— Қазір Қарағанды облыстық Төтенше жағдай департаменті әскери бөлімдерінің біріккен күштері Нұра, Қарқаралы және Осакаров аудандарында қар төсеу, арықтарды тазалау және қорғаныс бөгеттерін нығайту



Ресми деректерге сүйенсек, қазір Ақмола облысында орталықтандырылған газ тек Аршалы, Целиноград аудандары мен Қосшы қаласында бар. Барлығы 121 мың адам ғана көгілдір отынға қол жеткізген. Бұл — облыс халқының азғантай ғана бөлігі.

2019 жылы іске қосылған «Сарыарқа» магистралды газ құбыры аймақ халқына үкілеген үміт сыйлаған еді. Алайда арада бірнеше жыл өтсе де, оның игілігі өңірдің басым бөлігіне жеткен жоқ. Құзырлы органдардың мәліметінше, 2026-2027 жылдары бірнеше ауылға газ тарту жоспарланып отыр. Бірақ бұл да мәселені түбегейлі шеше алмайды.

Ал 2030 жылға жоспарланған «Есіл-Астана» магистралі қордаланып қалған түйткілдей әсер қалдырады. Бүгінге дейін от жағып, газ баллонын көпқабатты үйге сүйрелеп көтерген жұрт барын біреу білсе, біреу білмесе.

Жіі айтылатын баламалардың бірі — электр плиталары. Бірақ бұл да толыққанды шешім емес екені анық. Біріншіден, электр энергиясы газға қарағанда әлдеқайда қымбат. Екіншіден, көптеген елді мекенде қажетті энергиялық қуат жетіспейді. Яғни,

халыққа ұсынылып отырған таңдау іс жүзінде таңдау емес, тығырыққа тірелген жүйенің амалсыз тірлігі сияқты көрінеді.

80 көпқабатты үйдің ғана электр плиталарымен жабықталуы өңірдегі инфрақұрылымның нақты деңгейін ашық көрсетеді. Қалған мыңдаған отбасы қауіп пен үнемнің арасында әуірімдеп күн кешуге мәжбүр. Газ баллондарын қауіпсіз пайдалану жергілікті атқарушы органдарға жүктелгені рас. Техникалық қызмет көрсету шартынсыз газ жабықталуын қолдануға заң жүзінде тыйым салынған. Яғни, барлығы қағаз жүзінде сақалай-сай мінсіз көрінуі мүмкін.

Бірақ Щучинскідегі жарылыс бұл талаптардың іс жүзінде қалай «орындалатынын» айқын көрсетті. «Егер бақылау шынымен тиімді болса, мұндай трагедиялар қайталанар ма еді?» деген заңды сауал туындайды.

Ақмола облысындағы бұл жағдай тек өңірлік мәселе емес, теріскей облыстар — Солтүстік Қазақстан, Павлодар, сондай-ақ шығыстағы Абай облысы да дәл осындай күйден артыла алмай отыр.



бойынша алдын алу шараларын жүргізуде. Бұқар жырау ауданындағы Нұра өзенінде мұз кептелістерінің алдын алу мақсатында мұзды ұсақтау жұмыстары жүргізілді. Жалпы, Қарағанды облысы бойынша су тасқынына қарсы іс-шаралар жалғасуда және бақылауда. Қарағанды облысында тұрғындарды өз аулаларындағы қарды тазалауға шақырды. Қардың еруі басталғандықтан, су басу қаупі артып отыр, сондықтан аула аумақтарын дер кезінде тазалау маңызды, — дейді Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Марғұлан Аманбаев.

Сонымен қатар қала және аудан әкімдері халыққа қар тазалауды кейінге қалдырмауға шақырып, үндеу жасалды. Қазір коммуналдық

қызметтер көшелер мен қоғамдық орындарды тазалап жатыр, алайда аулалар тұрғындардың өз жауапкершілігінде.

«Қардың белсенді еру кезеңі басталды. Қазір көп нәрсе тек коммуналдық қызметтерге ғана емес, өзімізге де байланысты. Барлық тұрғынды аулаларын қардан тазалауға шақырамыз. Коммуналдық қызметтер көшелерді тазалауға жұмылдырылған. Жағдай тұрақты бақылауда және мониторинг жүргізілуде», — делінген үндеуде.

Кейінгі деректерге сенсек, елді мекендерден 1,8 миллион текше метрден астам қар шығарылған. Сонымен қатар су өткізу құбырлары, арналар мен арықтар тазартылып, қорғаныс бөгеттері нығайтылуда. Өзендерде мұз кептелістерінің алдын алу үшін жарылыс жұмыстары жүргізілуде.

Бұған дейін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Бұқар жырау, Нұра және Осакаров аудандарындағы су тасқыны қаупі бар ауылдарды аралап шықты. Жергілікті жерлерде әкімдер мен ТЖД өкілдері бірлесіп, аумақтарды тұрақты түрде бақылауда ұстап отыр.

«Құтқарушылар су айдындарын аралап, жаднамалар таратып, балықшылармен және тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны немесе орындалмағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 412-бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын ескертуді», — дейді Марғұлан Топашұлы.

Осылайша, өңір әзірге сақтық шарасымен шектеліп отыр. Қар толық еріп бітпейінше, төтенше жағдайдың болар-болмасын тап басып айту қиын көрінеді.

2 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНІ

Астаналық көрерменге «Күресте күшті емес, ашуын жеңген адам жеңеді» деген ұстаныммен шаршы алаңға шыққан палуан Қажымұқан туралы қойылымды көру бұйырыпты. Театр әлемінде бұған дейін көрсетілмеген кейіпкер ретінде «Қажымұқан» театр сүйер қауымды бірден баурап алды. Атақты палуанның туғанына 155 жыл толуына орай Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры сахналаған қойылымды біз де тамашаладық. Ерекшелігі сол, дәстүрлі драмалық форма мен классикалық қойылым шеңберінен шығып, синтетикалық театр эстетикасына ұмтылған. Яғни, музыка, хореография, акробатика және сценографияны үйлестіру арқылы көрерменге кең эмоциялық тәжірибе ұсынады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ӘКЕ ӨСИЕТІ ПАЛУАН ЕТТІ

Біздің пайымдауымызша, шығармашылық топ Қажымұқанды «алып күш иесі» ретінде көрсетуден гөрі, палуанның ішкі трагедиясы мен адамдық болмысын ашуға тырысады. Қойылымның алғашқы минуттарында бала Қажымұқанның палуан болары айқын көрініс тапқан. Әкесі баланың бойындағы күшті байқаннан бастап «Менің жасымда мен шықпаған тұғырға сен шық. Әлемді бағындыр» деп ұлына өсиет айтумен болады. Бұл — әкенің жалғыз арманына айналады.

Кейіпкердің үш түрлі жас кезеңі сомдалған. Бала Қажымұқанды Ернар Сылқымбек ойнап шықты. Ол болашақ алыптың бұлқынысын, физикалық әрекеттерді палуандық стандартқа сай ойнап шықты. «Бес рет айналып жүгір» деген әкесінің сөзін бұлжытпай орындаған бала, соңғы айналымда бозбала Мұқан ретінде сахнаға шыққанын көрермен бірден байқай алады. Бұл — қойылымның композициялық құрылымындағы назар аударатын тұсы еді. Бозбала Мұқан Бейбарыс Асқарбековтің актерлік шеберлігімен көрерменге ұсынылды. Бұл кезеңде Қажымұқан алғаш рет әлеуметтік қайшылыққа араласып, Янушкинмен жер мәселесіне байланысты соқтығысты пластикалық тұрғыдан ширақ жеткізді. Спектакльдің драмалық кульминациясын көтерген палуанның тұлға болып қалыптасып, рингтерде бакталасқа түсетін кезі, Қажымұқанның бұл кездегі образын сомдаған — Бағлан Иманғазинов.

Палуанға канат бітірген әке өсиеті оны Санкт-Петербургтегі күрес және



цирк мектебінде өнерін әрі қарай ұштауға ықпал етеді. Балуан Шолақтың ақ батасын алып жолға аттанған ол батыр Иван Лебедевтің күрес мектебіне түсіп, әбден шеберлігін шыңдайды. Осы тұста көрермен күтпеген әрекет назарды сахнадан бірден жұлып әкетіп басқа жаққа бұрды. Балуан Шолақтың образындағы Ілес Көпбосынов сахнадан емес, көрермен залындағы балконнан домбырамен әндетіп шығып, нағыз сал-серіліктің табиғатын айнытпай көрсетті. Балуан Шолак өзінің емес, ұстаз тұтқан Біржан салдың «Он саусақ» әнін шырқайды. Оның себебі аз да болса көрерменге ұстаз бен шәкірт арасында

ҚАЙТА ТІРІЛГЕН

күрметті көрсету еді. Балуан Шолақтың образы сахнада осымен тәмамдалса да, Қажымұқанның өміріне елеулі үлес қосқан тұлға екенін көрермен жадына нық қадап кетті.

«ӘР ТРИОКТИ АКТЕРЛЕР ЖАСАДЫ»

«Қажымұқан» премьерасының режиссері — Ақниет Жақсығали. Ол қойылым арқылы палуанның ішкі адамдық болмысын, жалғыздығын, жауапкершілік жүгін, рухани қайсарлығын ашуға ұмтылғанын айтады. Шығармашылық топ ақпарат жинау барысында құрғақ дерекке сүйеніп қоймай, әдеби еңбектер, архив материалдары, зерттеушілердің еңбегі, ауызша тарихтың бәрін парактаған.

— Көп жағдайда Қажымұқанды біз аңыз адам ретінде танимыз. Бірақ мен үшін сахнадағы маңыздысы — оның «адам» ретіндегі күйзелісі, таңдауы, күдігі мен сенімі болды. Себебі көрермен тек батырды емес, өзіне ұқсас тағдыр иесін



көргенде ғана шынайы әсер алады. Осы тұрғыда, мен Қажымұқанды мифтік бейнеден тірі, тынысы бар, жүрегі соғатын тұлға деңгейіне түсіруге тырыстым. Дайындық үдерісі шамамен үш айға созылды. Бірақ сол үш айдың әр күні ізденіске, толғанысқа, жаңадан тануға

толы кезең болды. Палуанның ұрпақтарымен кездестік. Шөбересі Айкен Мұқанның шаңырағында болып, өз ауыздарынан естелік, деректер жинадық. Екінші кезең — шығармашылық зертхана. Пьесаны құрастыру, инсценировка жасау, үстел үсті оқылымдар — осының барлығы біртіндеп қойылымның драматургиялық негізін қалыптастырды. Әр мәтін, әр реплика бірнеше мәрте сүзгіден өтті. Біз үшін сөздің салмағы, үннің дәлдігі өте маңызды болды. Ал ең күрделі кезең — дайындықтың физикалық және рухани тұрғыда ең ауыр уақыты, яғни ораза айымен тұспа-тұс келген сәт болды. Актерлер күні бойы ауыз бекітіп, соған қарамастан толыққанды дайындық жүргізді. Ауызашарға дейін жұмыс істеп, кейін де тоқтамай, кешкі жаттығуларды жалғастырды. Біз қазақтың табиғаттан берілген тамырмен аққан ұлттық рухын сахнада сезіндіруге нық қадам жасадық. Көрерменнің санасына сол бір дәнекті ектік. Ал оның әрі қарай бүршік жаруы уақыт мәселесі, — дейді режиссер Ақниет Жақсығали.

Қазақ сахарасынан шығып, әлемдік аренаны мойындатқан аңыз тұлғаны сахнаға бейімдеу оңай емес екенін әр көрермен іштей сезіп те отырды. Өйткені, сахна мәдениеті үлпілдек мақтадай жұмсақ болса, палуандық ауыр тастың өлшеммен пара-пар. Ал осы екі бөлек әлемнің үйлесімін табу — режиссерге жүктелген ең ауыр міндеттің бірі іспетті. Десе де, шығармашылық топтың әрбір мүшесі өз жұмысын деңгейінен де жоғары орындағанын мойындау керек. Өйткені, залда отырған көрермен бір сәтке болса да, сахнада өнер көрсетіп тұрған актер не палуан екенін ажырата алмай, ішкі ойымен күресті. Демек, театр ұжымы аз да болса сахналық шындыққа жақындай түскен. Режиссердің айтуынша, сахнада өнер көрсеткен палуан да, акробаттар мен әуе гимнастары да — театр актерлері. Барлық акробатикалық трюктер мен күрес элементтерін актерлер өздері орындаған. Яғни, режиссер дублер қолданудан бас тартып, сахнаға шынайы көріністі шығаруға тырысқан.

— Әр құлау, әр қарсыласу, әр физикалық әрекет актердің ішкі күйімен

тікелей байланысты болуы керек болды. Бұл үлкен дайындықты талап етті. Осы бағытта біз сырттан кәсіби мамандарды тарттық: цирк әртістері, акробаттар, күрес палуандары арнайы шеберлік сабақтарын өткізді. Олар актерлерге тек техника үйретіп қана қоймай, қауіпсіздік, серіктеске сенім, сахналық тәртіп секілді маңызды қағидаларды сіңірді. Бұл біздің қойылымның физикалық тілін қалыптастырған үлкен мектеп болды. Ал актерлерді таңдау барысында біз, ең алдымен, олардың ішкі қуатына, рухани дайындығына мән бердік. Бұл рөлдерге тек жақсы ойнайтын емес, физикалық тұрғыдан тәуекелге бара алатын, өзін шектен асырып, жана деңгейге көтеруге дайын әртістер қажет болды, — делі режиссер.

Сахна, шынында да, ринг емес. Сондықтан экшн, күрес, төбелес

Санкт-Петербургке келгеннен кейін палуанның өмірі түбегейлі күрес жолына түседі. Содан бастап оның «Мұханура», «Қара Иван», «Қызыл маска», «Ямагата», «Қара Мұстафа» деген лақап аттары қалыптасқан.

Қажымұқанның алғашқы белдесуі күрес және цирк мектебіне келгенде басталады. Ол жерде Иван Поддубныймен қарсылас болып, алғашқы белдесудің өзінде жеңіске жетеді. Сол жеңіс палуанды Еуропаға алып барады. Келесі қарсыласы Том Кеннедиді де жығып, түрік палуаны Нуруллахпен қарсылас болуға мүмкіндік алады. Ол Түркияда өнер көрсеткенде «Қара Мұстафа» деген лақап атпен рингке шыққан. Онда Қажымұқанның жолын кес-кестеп: «Сен орыстың атынан жеңіске қол жеткізбексің. Ал біз бәріміз ортақ түбі бір түркі халқымыз. Сондықтан жеңістен бас тарт» дегендер де табылған. Алайда түрік палуаны Қажымұқанды жыға алмасын біліп: «Есіміне Қажы сөзінің қосылып, Қажымұқан атануына септігімді тигізім келеді» деп ниетін білдіреді. Өйткені бұл белдесуден озық шыққан палуан Меккеге жолдама алатын еді. Осылайша, қажылықтан кейін Мұқан деген есіміне «Қажы» деген мәртебе қосылып, Қажымұқан есімімен атағы шыға бастайды. Осы есіммен ол алғаш рет 1912 жылы Саратов қаласында өнер көрсетті.

Қазақ палуанының жапон палуаны Саракики Джиндофумен болған жекпе-жегі ерекше атап өткен жөн. Француз күресінен ресми чемпионат аяқталғаннан кейін Саракики кілемге шығып, джиу-джитудан кез келген палуанды жеңе аламын деп жиналған спортшыларды жекпе-жекке шақырады. Сонда Қажымұқан оған қарсы шыққан. Белдесуде Қажымұқан жапон палуанын алып ұрып, жерге жығып бет терісін сыпырып алады. Мұндай ауыр физикалық көріністер көрерменге қазақ палуанының қандай алып, бірбеткей болғанын көз алдына алып келді.

Тағы бір айта кететін жайт, қойылымның шиеленісу шегінде Қажымұқан өз махаббатын жолықтырып, туған ауылына бірге аттанады. Орыстың Надежда есімді қызын қазақшалап Фатима деп атайды. Палуанның тышқаннан қорқатыны туралы көпшілік білмесе керек. Алайда бұл — факт. Осы қызық дерек қойылымда да көрініс тауып, Қажымұқан мен Надежданың жақын танысуына ықпал етеді.

Екі кейіпкер арасындағы сезім желісі спектакльге ерекше лирикалық реңк берді. Олардың орындауындағы күрделі акробаттық нөмір сезімдерінің нәзіктігін және бір-біріне деген сенімін пластикалық тіл арқылы шебер жеткізіп, қойылымның эстетикалық шарықтау шегіне айналды. Қойылым дәстүрлі хэппи-эндпен аяқталудан алыс. Әкенің қазасы туралы суық хабарды естігенде, сахна бірден күрес түске боялып, кейіпкердің ішкі сезімі сол тұс арқылы жеткізіледі. Бағлан Иманғазинов сомдаған кейіпкердің мола басындағы тебіреніске толы монологу көрерменді бейжай қалдырмады. Ол өзінің иеленген барлық марапаты мен медалін әкесінің басына қойылған тасқа байлауы ата-ананың батасы мен тектік тәрбиеде екенін мензеген символдық ишара болды.

Театр ұжымы «Қажымұқан» премьерасын қорядын алдында палуан туралы бірнеше фактіні жинаған екен. Оларды қойылым соңында экран арқылы көрерменге ұсынды. Соның ішінде Қажымұқан көтерген тасының салмағы 480 кг болғаны және ол Баянауыл өлкесінде мәңгілік ескерткішке айналғаны, атасы ағашты тамырымен жұлаттыны, өзінің салмағы 174 келіге дейін барғаны, палуанның түстерді ажырата алмағаны және суды қасықпен ішкені жайлы деректер айтылады. Сөйтіп, қойылым танымдық мәні арқан шынайы ойыға ретінде түйінделді. Залдағы көрерменнің тоқтаусыз қолшапалағы туындының сәтті шыққанының және жүректен орын тапқанының ең басты дәлелі болды.

Қажымұқанның алғашқы белдесуі күрес және цирк мектебіне келгенде басталады. Ол жерде Иван Поддубныймен қарсылас болып, алғашқы белдесудің өзінде жеңіске жетеді. Сол жеңіс палуанды Еуропаға алып барады. Келесі қарсыласы Том Кеннедиді де жығып, түрік палуаны Нуруллахпен қарсылас болуға мүмкіндік алады. Ол Түркияда өнер көрсеткенде «Қара Мұстафа» деген лақап атпен рингке шыққан.

көріністерін қою барысында актерлерге, ең алдымен, қауіпсіздік пен сахналық дәлдікке сүйену қажет. Көрерменге шынайы, тіпті қауіпті көрінген бұл әрекеттің артында үлкен тәртіп пен бақылау жатыр. Бір сөзбен айтқанда, «Қажымұқанға» келгендер қойылыммен қатар, киноның да, цирктің де, шоудың да көрерменіне айналады. Әсіресе, спектакль цирк аренасына ауысқанда актриса Сая Саяттың әуе акробатикасы арқылы көрермен залының үстінен өтуі қойылымның эстетикалық шарықтау шегі ретінде есте қалды.

РИНГКЕ АЙНАЛҒАН САХНА

Премьера туралы айтқанда, оның мазмұны тікелей Қажымұқанның рингтегі күрестері жайында болатынын алдын ала білеміз. Сондықтан қойылым мазмұнын былай түсіндіруге болады:

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСҒАН —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4722

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,